




## ТҰТЫНУШЫ ТҰТЫЛМАСЫН ДЕСЕК...



Президент тапсырмасына, «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасына сәйкес, тұтынушылар құқығын қорғау саласында көптен күткен реформа қолға алынды. Ол жаңа заң қабылдаудан басталады. Заң елге біраз жаңалық әкелмек, құзырлы органдарға тың өкілеттіктер бермек. Мысалы, енді дәрі-дәрмекті дәріханаға қайтаруға тыйым жойылады. Әуекомпаниялардың құны қайтарылмайтын билеттер сатуына жол берілмейді. Өзге де ізгі өзгерісі жетерлік. Солардың жайына тоқталсақ.

→ 7

### БАҒДАР

## АЭС – БОЛАШАҚ ҰРПАҚҚА ҚАМҚОРЛЫҚ



АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб Қызылорда қаласына келді. Мұнда аналар қауымымен, ақсақалдармен, ауыл тұрғындарымен және еңбек ұжымдарымен бірқатар кездесу өтті. Қызылордалықтар АЭС салудың маңызын жақсы түсініп, аймақты және тұтастай алғанда елді дамытудың ауқымды жоспарын осы бастамамен байланыстырады.

→ 3

## ЭКОНОМИКАДАҒЫ ТӘУЕЛДІЛІК ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Moody's халықаралық рейтингтік агенттігі еліміздің ұзақмерзімді рейтингін «Тұрақты» деген болжаммен Вaa2-ден Вaa1-ге дейін көтерді. Берілген рейтинг – ел тәуелсіздігі жылдарындағы ең жоғарғы көрсеткіш. Агенттік сарапшылары рейтингтің жоғарылауына Қазақстанның экономиканы әртараптандырудағы жетістіктері себеп болғанын айтады. Сонымен қатар Қазақстанның көмірсутектерге тәуелділігін азайтып, АКТ секторын өңдеу өнеркәсібін және көлік инфрақұрылымын дамытып жатқаны айтылады.



Қыркүйектің басында мұнай бағасының құлдырауы «мұнай инесінің» ұшында отырғандай ел экономикасына әсері қалай болады деп аландаушылық туғызғаны рас. Дегенмен халықаралық агенттік сарапшыларының бұл бағалауы ұзақ жылдар бойы экономиканы әртараптандыруға деген ұмтылысында аздаған өзгерістер пайда болғанын көрсеткендей.

(Жалғасы 6-бетте)

## ҚОЛДАУШЫЛАРДЫҢ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Президент жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының тапсырысы бойынша «Демократия институты» ҒЗҚ ҚҰ 18 тамыз бен 17 қыркүйек аралығында әлеуметтанулық зерттеу жүргізді. Сауалнамаға 18 жас-тан асқан 8 мың респондент қатысты.

→ 5

### СІЗ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОСПАРЛАНҒАН АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ (АЭС) ТУРАЛЫ ҚАНДАЙ АҚПАРАТТЫ БІЛГІҢІЗ КЕЛЕДІ? (%)



49,5  
Халықтың денсаулығына әсері



42,9  
Қоршаған ортаға әсері



22,8  
Авариялар мен төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары



18,6  
Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу шаралары



15,3  
Аймақтық жеңілдіктер (мысалы, жұмыс орындарын ашу)

### • БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

## ӘЙЕЛ – БОЛМЫСЫНДА, ТАБИҒАТЫНДА ҚАҺАРМАН



→ 8-9

## ҚЫТАЙ ҚОРҒАНЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ НЕ?



→ 11

## АҚПАРАТ

21 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

## СЕНАТ



## «КӨРПЕГЕ ҚАРАЙ КӨСІЛУ» – АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата жанындағы Сарапшылар клубының отырысы өтті. Онда сарапшылар Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында айтылған экономикалық дамудың негізгі басымдықтарын және Президент жүктеген міндеттерді іске асыру жолындағы бірлескен жұмыстың форматын талқылады. Іс-шараға Қазақстанның Қаржы министрі Мәди Тәкиев қатысты.

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев биылғы Жолдау Мемлекет басшысы жүргізіп отырған реформалардың ки-сінды және дәйекті жалғасы екенін атап өтті.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы экономикалық реформалардың маңызына тоқталып, кейінгі бес жылда республикалық бюджеттің кірісі 80 пайызға артқанын тілге тиек етті. Алайда бұл оң үрдіс бюджет шығыстарының өсуімен сәйкес келмейді. Яғни, шығыстар кірістерден екі есе көп.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Жолдауда экономикалық блокқа баса мән берді. Атап айтқанда, мемлекеттің ақша-несие және фискалды саясаты арасындағы үйлесімсіздікті жою мәселесіне ерекше тоқталды. Бұл бағытта біз көрпеге қарай көсілуіміз керек. Алдағы кезеңге арналған басты месседж осы болуға тиіс. Сондықтан бізге кірістер теңгерімін ұлғайту қажет», – деді палата Спикері.

Мәулен Әшімбаев бюджет шығыстарын Ұлттық қор қаражаты есебінен жабу мәселесіне алаңдаушылық білдірді. Сенат Төрағасы салық базасын дамыту және арттыру үшін жаңа ынталандыру шаралары қажет екенін айта келе, палата мен сарапшылардың осы саладағы бірлескен жұмысының басым бағыттарына назар аударды.

Қаржы министрі Мәди Тәкиев ұлттық экономикалық әлеуетті дамыту, бюджет тапшылығын азайту және қазіргі өзекті проблемаларды енсеруді көздейтін кешенді шаралар туралы айтты. Сондай-ақ ол Ұлттық қор активтерін ұлғайту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға және мемлекеттік бюджеттің тиімсіз жұмсалыуына қарсы күрес жүргізу бағытында қолға алынған тетіктерге тоқталып өтті.

Іс-шарада қабылданған заңнамалық шаралардың нәтижелері мен қолданыстағы жобалар және қазіргі заманғы сын-қатерлерді ескере отырып, басқа елдердің тәжірибесіне назар аудару мәселесі де сөз болды.

## ҚОҒАМДЫҚ ШТАБ

## ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб еліміздің мұнайлы астанасы Атырауға келді. Мұнда ғалымдармен, сарапшылар қауымдастығымен, ЖЭО қызметкерлерімен, өндірушілермен, мұнай-газ және химия өнеркәсібінің өкілдерімен бірқатар кездесу өтті. Өңір тұрғындары өнеркәсіп пен экономиканы одан әрі табысты дамыту үшін елдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етудің маңызын атап өтіп, АЭС салуға белсенді қолдау білдірді.



С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде профессор-оқытушылар құрамымен және өңірдегі жоғары оқу орындардың жас ғалымдарымен кездесу өтті. Штаб мүшелері бүгінде Президент тапсырмасы бойынша ғылымды дамытуға және ғалымдарға әлеуметтік тұрғыда қолдау көрсету мәселесіне мемлекет тарапынан көп көңіл бөлінетінін атап өтті. Қазір ғылыми қоғамдастықтың алдында өнеркәсіптік өндіріске инновациялық технологиялар мен әзірлемелерді енгізуге қатысты үлкен міндет тұр. Осы орайда, АЭС еліміздің ғылыми әлеуетін арттыруда айрықша маңызға ие. Бұл туралы өткен ғасырдың 50-ші жылдары халқымыздың ғұлама ғалымы Қаныш Сәтбаев айтқан болатын.

«Бәріміз де еліміздің ғылым-техникалық прогреспен қатар дамығанын қалаймыз. Атом электр стансасы осы мүмкіндіктерді айтарлықтай кеңейтеді. Бұл – уақыт талабы және бұл мәселеде жайбасарлық танытуға болмайды. Сондықтан Атырау өңірінің өздеріңіз сияқты көзі ашық, көкірегі ояу қайраткер, ғалым азаматтары осы бастаманы қолдауға бір ауыздан үндейді деп сенемін», – деді Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов қатысушыларға қарата айтқан сөзінде.

Ғалымдар алдында депутаттар Д.Тұрғанов, А.Сарым, Р.Зайтов сөз сөйлеп, АЭС – әлемдік тренд әрі ел алдында тұрған бүгінгі сын-қатерлерге жауап екенін айтты. 2050 жылға қарай жаһандық атом энергетикасының көлемі үш есе өседі. Мәжілісмендер барша отандасымыздың алдағы референдумға қатысуы өз еліміздің болашағын өзіміз айқындау мүмкіндігі ретіндегі маңызына ерекше назар аударды. Жаңа саяси мәдениет дәл осылай қалыптасады. Бейбіт атом қалаларымыздағы күрделі эколо-

гиялық жағдайды шешуге мүмкіндік береді. Дәл осы мәселе әсіресе Атырау үшін өзекті.

Ядролық физика институтының бас директоры С.Сахиев, Атом өнеркәсібі дамыту қауымдастығының төрағасы А.Токтаров жаңа буынды атом реакторларының қауіпсіздігі мен экологиялық тұрғыда тазалығына, АЭС салуға қажет еліміздегі жоғары кадрлық және ресурстық әлеуетке егжей-тегжейлі тоқталды.

Атырау ЖЭО ұжымымен кездесуде штаб мүшелері ТКШ жүйелерінің қалыптасуы үшін тұрақты әрі сенімді энергия көзі қажет екенін айтты. Бүгінде Атырау облысы ең жоғары жүктемелер ке-



зінде көп жағдайда Ресейден жеткізілетін энергияға тәуелді. Қыруар қаржылық шығындардан бөлек, энергия жетіспеушілігі өндірістік міндеттерді де шешуге мүмкіндік бермейді. Жуырда еліміздің батыс өңірлерін бірыңғай энергия жүйесіне қосу жұмысы басталады. Бұл АЭС энергиясын пайдалануды қамтамасыз етіп, өңірдің шетелдік жеткізушілерге тәуелділігін жояды.

Республика аумағында пропилен өндіретін ірі кәсіпорындардың бірі саналатын Kazakhstan Petrochemical Industries Inc. ЖШС зауытында штаб мүшелері мұнай-газ және химия өнеркәсібі өкілдерімен АЭС құрылысының прогрессивтілігін талқылады. Мемлекет басшысы нағыз еңбек адамдарына

айрықша көңіл бөліп, келер жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағаны ерекше атап өтілді. Жоғары технологиялық өнеркәсіптік өндірісті одан әрі дамытудың және Президенттің 2029 жылға қарай елдегі ЖІӨ-ні екі есе арттыру жөніндегі тапсырмасын орындаудың басты факторы – сенімді әрі тұрақты энергия көзі. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, АЭС ірі өнеркәсіптік өндірістердің қажеттілігін толық жабады. Зауыт қызметкерлері, мұнай-газ және химия өнеркәсібінің өкілдері бейбіт атомды пайдалануға қатысты бірауыздан қолдау білдірді.

Бұдан соң штаб мүшелері «Дәулет» индустриялық аймағы кәсіпорындарының қызметкерлерімен кездесті. Мұнда киім тігетін, нан, кондитерлік өнімдер, макарон өнімдерін, ет консервілерін, ауызсу, құрылыс қоспаларын және тағы да басқа заттарды өндіретін компаниялар жұмыс істейді. Өзге өңірлердегі секілді мұндағы бизнес өкілдері де қазіргі энергия тапшылығы жаңа технологияларды іске қосуға мүмкіндік бермейтінін және өндірістің дамуын тежейтінін мәлімдеді. Көптеген перспективалы жобалар электр энергия тапшылығына байланысты жүзеге асырылмауда. Сондықтан кәсіпкерлер АЭС

құрылысына айрықша қолдау білдірді. Бейбіт атом ШОБ-тың дамуына, жаңа, батыл бизнес-идеяларды іске асыруға тың серпін береді.

Жалпы, Атырау облысының тұрғындары еліміздегі ең маңызды өнеркәсіптік өңірлердің бірі ретінде барша қазақстандықты 6 қазанда референдумға келіп, АЭС құрылысын қолдауға шақырады. Атом электр стансасы – экономиканың дамуына тың қуат беретін және Тәуелсіз Қазақстанның жаңа қалыптасу бетін ашатын болашақтың жобасы.

Дайындаған: «Nur Media» ЖШС.  
Тапсырыс беруші: М.Ж.Оспанов  
«AMANAT» партиясы» ҚБ қаражатынан төленді

# АЭС – БОЛАШАҚ ҰРПАҚҚА ҚАМҚОРЛЫҚ



АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб Қызылорда қаласына келді. Мұнда аналар қауымымен, ақсақалдармен, ауыл тұрғындарымен және еңбек ұжымдарымен бірқатар кездесу өтті. Қызылордалықтар АЭС салудың маңызын жақсы түсініп, аймақты және тұтастай алғанда елді дамытудың ауқымды жоспарын осы бастамамен байланыстырады.

Қызылордада «Анаға тағзым» орталығында өңірдегі аналар қауымымен кездесу өтті. Штаб мүшелері атап өткендей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ана мен баланы қолдау мәселесіне айрықша назар аударады. Жыл сайын әлеуметтік төлемдер сомасы өсуде, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы жұмыс істей бастады, ал жуырда «Келешек» біріншілік ерікті жинақтау жүйесі енгізіледі.

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов әр ана баласының денсаулығы мен жарқын болашағына ерекше мән беретінін атап өтті. АЭС – экологиялық тұрғыда ең таза, қауіпсіз энергия көзі. Атом электр стансасының құрылысы көмір өнімдерін пайдалануды едәуір қысқартып, қалалардағы ауа тазалығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ АЭС – болашақ инженерлер, энергетиктер, ядролық физиктер, құрылысшылар және тағы да басқа мамандық иелері үшін лайықты жұмыс әрі кәсіби тұрғыда өрлеу.

«Бәріміз мықты да тәуелсіз Қазақстанда, экономикасы дамыған, болашағы жарқын елде өмір сүріп, еңбек етіп, ұрпақ өсіргіміз келеді. Атом энергетикасы – еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, экологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін, келешекке бағдарланған қадам. Сондықтан 6 қазанда атом электр стансасын салуға дауыс бере отырып, біз, ең алдымен, келе-

шек ұрпағымыздың жарқын болашағының негізін қалаймыз», – деді ол.

Ядролық физика институтының бас директоры Саябек Сахиев Қазақстанда АЭС салуға қажет ғылыми-техникалық база мен кадрлық әлеует бар екенін айтты. Атап айтқанда, Алматының қас ортасында қуаты аз реактор 60 жылға жуық табысты жұмыс істеп келеді. Онда 700-ден астам адам еңбек етеді. Медицинадан бастап өнеркәсіпке дейінгі түрлі бағыт бойынша зерттеулер жасалады. Барлық жұмыс МАГАТЭ-ның тікелей бақылаумен жүргізіледі. Мұның бәрі АЭС салу кезінде пайдаланылады.

Өңірдегі көпбалалы аналар АЭС түрлі салада – үйдегі жылу мен экологиядан бастап, бизнесті дамытуға және жаңа кәсіпорындардың пайда болуына дейінгі мультипликативті әсер беретін ауқымды жоба екенін атап өтті. Осыған байланысты, өз елінің дамуын қалайтын әр азамат АЭС-ті қолдауға тиіс. Сондықтан Қызылорда облысындағы аналар қауымы бейбіт атомды қолдап, дауыс беруде.

Бұдан соң штаб мүшелері бетон өндірілетін зауытқа барып, құрылыс саласының өкілдерімен кездесті. Respublica партиясының төрағасы Айдарбек Қожаназаров бейбіт атом құрылыс саласы үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынын атап өтті. Мәселен, АЭС салу кезінде отандық құрылыс компаниялары жоғары жүктеме алады. Яғни, атом стансасы ғана емес, сонымен қатар ілесіп инфрақұрылым да қоса

салынады: кірме жолдар, қызметкерлерге арналған тұрғын үйлер, әлеуметтік инфрақұрылым нысандары.

Dalateх тігін фабрикасында штаб мүшелері кәсіпорынның еңбек ұжымымен өнеркәсіптік нысандарды тұрақты энергиямен жабдықтаудың маңызын талқылады. Электрмен жабдықтау проблемасы – барлық өңірге ортақ. Энергия

өндіруші кәсіпорындардың бірі саналатын «Торғай-Петролеумға» барды. Мұндай ірі кәсіпорындар жүйелі жұмыс істеуі үшін тұрақты әрі ұзақ мерзімді энергия көзі қажет. Сондықтан мұнайшылар алдағы референдумда АЭС құрылысына дауыс беруге ниетті.

Сонымен қатар Халықтық штаб Сырдария ауданы Ақжарма ауылына барды. Тұрғындармен әңгімелесу барысында штаб мүшелері ауылдық аумақтарды дамыту ісінде атом электр стансасы ашатын перспективаларға егжей-тегжейлі тоқталды. «Ауыл» партиясының төрағасы Серік Егізбаев күні ертең электр энергия тапшылығы туындай қалатын болса, бұл алдымен ауылдық жерлерде сезілетінін атап өтті. Осы орайда ол ауыл тұрғындарын 6 қазанда ел игілігі үшін маңызды шешім қабылдауға және АЭС құрылысын қолдауға шақырды.

Сондай-ақ штаб мүшелері Қазақстан аумағына күріш өсіретін шаруашылықтарымен танымал Нағи Илиясов атындағы ауылға барып, тұрғындармен кездесті. Ел аумағындағы шаруалар мен фермерлер АЭС-тің маңызын атап өтуде. Сенімді әрі ұзақмерзімді энергия көзі ауыл шаруашылығының дамуына айтарлықтай көп мүмкіндік береді. Бұл – жылыжайлар салу, егіс алқаптарын кеңейту, ауылда жаңа өндірістік және әлеуметтік нысандар тұрғызу. Мұның бәрі отандық агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілетін бірнеше есе арт-



жетіспеушілігі жаңа өндіріс орындарының құрылуын тежейді. Қызылорда облысында соңғы екі жылда электр энергия тұтыну көлемі артқаны байқалады. Өңірде ондаған тұрғын үй, әлеуметтік және өнеркәсіптік нысандар іске қосылды. Бұл желідегі электр қуатының 23%-ға төмендеуіне әкеліп соқтырды. Атом электр стансасы осы мәселені шеше алады. Қолданыстағы ЖЭО-мен салыстырғанда оның артықшылығы әлдеқайда жоғары.

Осы күні Халықтық штаб өңірдегі ғана емес, ел аумағындағы жетекші мұнай-газ

тырады. Осы орайда Қызылордадағы ауыл тұрғындарының пікірінше, халықтың АЭС құрылысын қолдауы – тағдыршешті қадам әрі болашақ ұрпаққа деген шынайы қамқорлық. Сондықтан барша қазақстандық алдағы референдумға белсенді қатысып, АЭС құрылысына дауыс беруге және еліміздің дамуына өз үлесін қосуға тиіс.

Дайындаған: «Nur Media» ЖШС.  
Тапсырыс беруші: М.Ж.Оспанов  
«АМАНАТ» партиясы» ҚБ  
қаражатынан төленді

## ӨЗЕКТІ

21 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ



Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларындағы басты мақсат – халықтың табысын арттырып, әділетті азаматтық қоғам құру. Биылғы Жолдаудағы 9 бағыттың бәрі аса маңызды. Нақтылықпен айтылған әрбір сөздің орны бөлек, міндеті айқын.

## КӨЗ – ҚОРҚАҚ, ҚОЛ – БАТЫР

Энергия үнемділігі күн тәртібінен түспейтін, оны өзімізде өндіру қажеттігі туындағаны қашан! Өне-міне деп уақыт та зымырап өтуде, халық үшін жана жұмыс орындарын ашып, жұмыссыздықпен күресудің жолы – елімізде энергия тапшылығын жою.

Электр энергиясы, өндіріс, жұмыспен камту, табысты арттыру – осы төрттаған бізді тығырықтан алып шығады. Әлемде ядролық энергетика жетекші өндірістік салаға айналғаны белгілі.

БҰҰ қанаты астында Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ) ядролық электр энергиясы нарығын зерттеп, әлемнің тұрақты дамуын камтамасыз етуге жұмыс істеп жатыр.

Осы ұйымның деректеріне сәйкес, қазір жер жүзіндегі 30-дан астам мемлекетте 200-ге жуық атом электр стансасы жұмыс істейді. Осы стансалардың ядролық реакторларымен барлығы 440 энергоблок жұмыс істеп тұр және олардың жалпы қуаты 391 878 МВт-ты құрайды. Аталған реакторлар әлемдегі электр қуатына деген қажеттіліктің 10 пайызын ғана жабады екен. Оған қоса, әлемде тағы 56 ядролық реактордың құрылысы басталған.

Әлем елдері бойынша ең көп энергоблок АҚШ-қа тиесілі. Америкалықтар барлығы 95 энергоблоктың құрылысын жүргізіп, іске қосқан. Екінші орынға Франция табан тірейді. Мұнда 56 энергоблок қызмет атқарып, әлем бойынша атом электр стансалары өндірген энергоқуаттың ең көп үлесін пайдаланушы мемлекетке айналып отыр. Бүгінде Францияның ішкі энергобалансындағы барлық энергоқуаттың 70,6 пайызын АЭС өндірген электр энергиясы құрайды. Қолданысында 54 ядролық реакторы бар Жапония көп жыл бойы әлемдегі атом қуаты бар үздік үш мемлекеттің қатарын түйіндеп, өзінің ішкі электр энергиясына деген қажеттіліктің 30 пайызын АЭС-терде өндірілген энергиямен жабатын. Қазір атом электр стансаларының саны бойынша әлем үздіктерінің қатарына Қытай кірді. Мұнда 49 энергоблок жұмыс істеп, бұл бағыттағы ішкі резервін нығайтып келеді.

Посткөнестік елдердің ішінен Ресей пайдалануындағы 38 энергоблокпен 8-орында болса, Украина – 4 АЭС және 15 энергоблокпен 10-орынға жайғасқан.

Қазір бүкіл әлемде электр қуатына деген сұраныс артқан. Техника мен технологияның қарыштап дамуы, жаңа генерациялардың іске қосылуын талап етеді. Мәселен, АҚШ, Оңтүстік Корея мемлекеттері өздерінің энерготұрақтылығын сақтауда әрқайсысы тағы да 5 энергоблокты салуға бет алса, Жапония – 2, Франция 1 энергоблоктың құрылысын бастаған.

Қытай бірден 28 энергоблоктың негізін қалауды бастаса, қатаң экономикалық санкцияларға душар болған Ресейдің өзі қосымша 10 энергоблокты іске қосуға күш салып жатыр. Халықтың саны еселеп артып бара жатқан Үндістан 6 энергоблоктың құрылысын жүргізуді қолға алды.

Осы мемлекеттердің қатарында Біріккен Араб Әмірліктері, Пәкістан, Словакия, Тайвань да электр қуатына деген тапшы-

лықты еңсеруде әрқайсысы екі энергоблоктан салуды қарқынды түрде іске асыруда. Соғыс оты шарпыған Украинаның өзінде 2 энергоблоктың құрылысы жүргізілуде. Финляндия, Бразилия, Беларусь, Аргентина мемлекеттері де АЭС салуға сенімді түрде қадам басты.

Египетте мемлекет тарихындағы алғашқы АЭС құрылысы жалпыұлттық жоба ретінде халқын біріктірді. Түркиядағы 4 энергоблоктан тұратын алғашқы «Аккую» атом электр стансасы осы мемлекеттің стратегиялық мәні бар жобасы ретінде айқындалып, ұлттың үміті болып бекіген. Биыл маусым айында бізбен ежелден еншілес мемлекет Өзбекстан да атом электр стансасын салу жөніндегі ұстанымын жариялап, бұл бағытта кешенді жұмыс бастайтынын мәлімдеді.

Жерінің көлемі жөнінен дүниежүзінде 9-орын алатын Қазақстан үшін энергетикалық тәуелсіздікті камтамасыз ету – ең әуелгі міндет. Еуразия құрлығының орталық бөлігінде орналасқан еліміздің біртұтас энергожүйесін түзу – стратегиялық басымдыққа ие мәселе.

мәжбүр болдық. Ресейден 1 кВт/сағатын 26 теңгеден сатып алып отырмыз. Бұл – әдеттегіден қымбат баға.

Еліміздегі электр энергиясы тапшылығы туралы сөз болғанда, ең алдымен оңтүстік өңірлерді электр қуатымен камтудағы күрделі ахуал айтылады. Қазақстанның 7 өңірі оңтүстік аймаққа жатады, оның ішінде ірі өндіріс орындары шоғырланған 2 мегаполисіміз бар. Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Алматы, Жетісу облыстары мен Шымкент және Алматы қалаларында тұратын жалпы халық саны 9 млн 959 мың адамды құрайды. Қазақстан халқының тең жартысы оңтүстік өңірлерде тұрады. Осы аймақтарда қазірдің өзінде электр энергиясының жетіспеушілігі қатты сезілуде. Мәселені реттеуде Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйелерін басқарушы компания солтүстіктен – оңтүстікке транзиттік желісінің жүктемесін арттырған.

Транзиттік желінің жүктемесін арттыру – бұл уақытша ғана амал. Ол отандық электр энергетикасындағы күрделі ахуалды түбегейлі шешуге мүмкіндік бермейді. Транзиттік жүктемелінің артуы желілерде



Энергетика саласы мамандары жүргізген талдауларға сәйкес, 2030 жылға қарай Қазақстанның электр қуатына деген қажеттілігі 28,2 гигаватты құрамақ. Электр энергиясын өндірудің қазіргі қолданыстағы қуаты, оның ішінде 4 гигаватт көлеміндегі іске қосылатын жаңа генерация көздерін қоса есептегенде, 22 гигаватт қана болмақ. Тапшы болатын 6 гигаватт энергияны басқа мемлекеттерден сатып алуға мәжбүр боламыз.

Айта кетуіміз керек, Қазақстан көп жылдан бері энерготапшылық ахуалын бастан өткізіп келеді. Ішкі сұраныс артатын қысқы кезеңдерде электр энергиясын Ресейден импорттауға тура келіп отыр. Мәселен, 2023 жылы елімізде 112,8 млрд кВт/сағат электр энергиясы өндірілсе, тұтыну көлемі 115 млрд кВт/сағатқа жеткен. Жетіспейтін 2,2 млрд кВт/сағат көлеміндегі электр қуатын Ресейден алуға

апаттық жағдайлардың да жиі туындауына себеп болмақ. Өкінішке қарай, 2022 жылдың қаңтар айында солтүстік-оңтүстік желісінің Балқаш транзиттік желісінде автоматты өшіру жүйесі іске қосылып, Алматы, Шымкент, Талдықорған, Тараз, Түркістан, тіпті шекара асып Бішкек, Ташкент қалалары жарықсыз қалды. Бұл біз үшін алғашқы дабыл болды.

Қазақстанның энергетикалық кешеніндегі негізгі активтер тозу шегіне жеткені белгілі. Еліміздегі жылу электр стансаларының 55 пайызы және гидро электростансаларының 68 пайызы соңғы 30 және одан да көп жылдан бері пайдаланылуда. Екібастұз, Рудный, Риддер, Теміртау стансаларында болған апаттық ахуалдар тозу шегінің қандай деңгейге жеткенін білдіреді. Еліміздегі барлығы 37 жылу электр орталығының 19-ы – қызыл деңгейде, 11-і сары деңгейде болса, небәрі 7-еуі ғана жас-

ыл деңгейде деп бағаланған. ЖЭО жабдықтарының орташа тозу көрсеткіші 66 пайызды құраса, Орал, Степногор, Тараз, Қызылорда, Кентау жылу энерго орталықтарының тозу деңгейі 80 пайызға жеткен. Биыл қазандықтарды күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары жүріп жатыр.

Еліміздің энергетикалық кешеніндегі ахуалды таразылаған Мемлекет басшысы, таяу болашақта еліміз электр энергиясы тапшылығын айтарлықтай сезінуі мүмкін екенін айтты. «Кейбір болжамдар бойынша нақты шешімдер қабылданбаса, 2030 жылға қарай энергия қуатының тапшылығы алты гигаватқа жетеді. Бұл экономикамыздың даму қарқынын едәуір бәсеңдетіп, тұрғын үй-коммуналдық саласын дағдарысқа әкеп соқтырады. Ол халқымыздың тұрмысына кері әсер етеді. Проблеманы шешудің бір жолы атом энергетикасы болуы мүмкін. Энергетикалық сектор өкілдері осы амалды бірауыздан қолдайды», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан табиғи уран өндіру көлемі бойынша әлемде бірінші орында екенін айтқан Президент, ядролық отынның компоненттерін өз елімізде өндіретінімізді, бұл бәсекелестіктегі біздің басты артықшылығымыз екенін мәлімдеді. Артықшылығымызды пайдалануға шақырып, аталған мәселені қоғамда және кәсіби ортада кең ауқымда әрі жан-жақты талқылауға үндеді. Ғылыми қоғамдастық бұған қомақты үлес қосып, объективті және прагматикалық қағидағарға негізделген салмақты пікір айтады деген сенімін білдірді. «Ядролық энергетиканы құруға қатысты соңғы шешімді халық жалпыұлттық референдум арқылы қабылдайды», – деді Президент.

Жуырда өткен Үкімет отырысында заманауи атом электр стансалары көпдеңгейлі қауіпсіздік жүйесімен жабдықталатынына баса мән берілді. Қазақстанда атом электр стансаларын салу туралы шешім қабылданған жағдайда оны жобалау, салу және пайдалану кезінде АЭХА-ның (МАГАТЭ) халықаралық қауіпсіздік стандарттары қатаң басшылыққа алынатыны айтылды. Сонымен қатар шикізат базасы өзімізден шығатыны, яғни уран бағасының ауытқуы бізге әсерін тигізбейтініне көңіл бөлініп, бұл электр энергиясына тұрақты әрі болжамды тарифтерді камтамасыз етуге мүмкіндік беретіні айтылды.

Парламент Мәжілісінің Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов партияның «Жастар Рухы» республикалық жастар саяси лагерінің жұмысына қатысу барысында АЭС төңірегінде жүріп жатқан ауқымды пікірталасқа байланысты өз ойын білдіріп, жастар бұл мәселеге белсенді қатысып, азаматтық ұстанымын жариялауы керек екенін атап өтті. «Президентіміз айтқандай, еліміз үшін ең маңызды шешімдер тек халықтың пікірін ескере отырып қабылданады. Бұл – Мемлекет басшысының басты ұстанымы. Демек, АЭС салу мәселесінде негізгі шешімді халық қабылдайды. Атом энергетикасы не үшін қажет? Біздің болашағымыз үшін қажет. Мемлекетіміздің бәсекеге қабілетін арттыру үшін қажет. АЭС – ғылым мен технологияны дамыту үшін қажет. Түптеп келгенде, ел тәуелсіздігін нығайту, экономикасын орнықты дамыту үшін қажет», – деді партия Төрағасы.

Шынында да, біз неден қорқамыз? Атом электр стансасы энергия импортына тәуелділікті жояды, кәсіпорындар үздіксіз жұмыс істейді, жаңа өндірісте жаңа жұмыс орындары ашылады, тариф төмендеп, өнімнің өзіндік құны төмендейді, бәсекеге қабілеттілік жоғарылайды, ең тиімдісі, халықтың табысы артады. Көздеген мақсат та осы емес пе?!

**Қалыма ЖАНТӨРЕЕВА,**  
«АМАНАТ» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты

# ҚОҒАМ

21 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

## СІЗ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОСПАРЛАНҒАН АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ (АЭС) ТУРАЛЫ ҚАНДАЙ АҚПАРАТТЫ БІЛГІНІЗ КЕЛЕДІ? (%)



көзқарас танытса, оның 9,1 пайызы мүлдем теріс, ал 15,8 пайызы теріс көзқараста болды. Қалған 14,9 пайыз жауап беруге киналады.

Сауалнама нәтижелері қазақстандықтарды бірінші кезекте АЭС-тің адам денсаулығы мен қоршаған ортаға тигізетін әсері толғандыратынын көрсетті. Мысалы, «Сіз бірінші кезекте құрылысы жоспарланған атом электр стансасы (АЭС) туралы қандай ақпаратты білгіңіз келеді?» деген сұраққа: 49,5 пайыз «халықтың денсаулығына әсерін» атап өтті, ал 42,9 пайыз «қоршаған ортаға әсерін» атап өтті. Респонденттердің тағы 22,8 пайызы «авариялар мен төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары» деген жауап нұсқасын таңдаған.

Алынған қорытындылар Үкімет, сарапшылар және қоғам арасындағы ашық диалогтің маңызды-

# ҚОЛДАУШЫЛАРДЫҢ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Президент жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының тапсырысы бойынша «Демократия институты» ҒЗҚ ҚҰ 18 тамыз бен 17 қыркүйек аралығында әлеуметтанулық зерттеу жүргізді. Сауалнамаға 18 жас-тан асқан 8 мың респондент қатысты.

Бүгінде энергетика экономикалық тұрақтылыққа, қоршаған ортаға және адамдардың өмір сүру сапасына әсер ететін жаһандық дамудың негізгі факторларының біріне айналды. Қазақстан уранның орасан қорына ие. Қазір еліміз АЭС салу мәселесінде маңызды

таңдау жасауда. Бұл таңдау электр қуаты тапшылығы мәселесін шешудің жолы ретінде ұсынылып отыр.

Сауалнамаға қатысушылардың 59,2 пайызы дауыс беруге қатысуға дайын екенін білдірді. Оның 41,6 пайызы нақты ниет танытты. Бір қызығы, электоралдық белсен-

ділік көрсеткіштері биылғы жылдың тамыз айында өткен қоғамдық сауалнамада алынған деректермен

бірдей. Ол кезде сайлауға қатысудың әлеуетті деңгейі 59 пайызды құрады. Әрбір бесінші респондент әлі түпкілікті шешім қабылдаған жоқ, ал 17 пайызы референдумға міндетті түрде қатыспайтынын атап өтті.


Жалпы, қазақстандықтардың 60,2 пайызы Қазақстанда атом электр стансасын салу идеясына оң көзқарас білдірген. Оның 38,6 пайызы – оң, 21,6 пайызы біршама оң көзқараста. Алдыңғы тамызда жүргізілген сауалнамамен салыстырғанда АЭС салу идеясын қолдаушылар саны 53,1 пайыздан 60,2 пайызға өсті. Сауалнамадағы 24,9 пайыз атом электр стансасын салу идеясына теріс

лығын көрсетеді. Атом электр стансасының құрылысы тек техникалық ғана емес, сонымен қатар азаматтардың белсенді қатысуын талап ететін әлеуметтік жоба.

Сауалнаманы 2024 жылғы 18 тамыз бен 17 қыркүйек аралығындағы кезеңде «Демократия институты» ҒЗҚ ҚҰ жүргізді. Зерттеуде жеке сұхбат (face-to-face) әдісі қолданылды.

Сауалнамаға 17 облыспен республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларының 18 жастан асқан респонденттері қатысты. Іріктеу көлемі – 8000 респондент. Статистикалық қателік 2,9 пайыздан аспайды.

## ҚАЗАҚСТАНДА АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫН (АЭС) САЛУ МӘСЕЛЕСІ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ АРҚЫЛЫ ШЕШІЛЕТІН БОЛАДЫ. СІЗ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУҒА ДАЙЫНСЫЗ БА? (%)



## ҚАЗАҚСТАНДА АЭС САЛУ ИДЕЯСЫНА КӨЗҚАРАСЫҢИЗ ҚАНДАЙ?



## НАРЫҚ

21 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

(Басы 1-бетте)

**А** Кәмила  
ЕРКІН

Сарапшылардың пайымдауынша, институционалдық және экономикалық реформалар Қазақстанның инвесторлар үшін тартымдылығын арттырып, экономиканы әртараптандыру процесін жеделдете алады. Қазақстанның кредиттік рейтингінің жоғарылауы экономиканы әртараптандырудың тұрақты қарқынымен бірге институционалды және саяси ортаның үздіксіз жақсаруымен байланысты. Бұл факторлар экономикадағы тұрақтылықты нығайтуға және кредиттік тұрақтылықты жоғары рейтингі бар елдер деңгейіне дейін жақсартуға ықпал етеді.

Агенттік мемлекеттік басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы прогресті атап өтті. Moody's сарапшылары іскерлік климатты жақсарту мен инвестицияларды тарту, қолайлы бизнес экожүйесін құру мен бюрократиялық кедергілерді азайту бойынша қабылданған шаралар негізінде жүргізіліп жатқан жұмыстарды оң бағалады. Сонымен қатар ел Үкіметі таратқан хабарламада көлік-логистикалық секторды дамыту Транскаспий халықаралық сауда бағыты (Орта дәліз) бойынша жүк транзиті саласындағы белсенділіктің жылдам өсуіне байланысты өсу мен әртараптандырудың негізгі факторларының бірі болып қала беретіні айтылған. «Орта дәліздің болашағы шетелдік инвесторларды ел экономикасының мұнайға қатысты емес әртүрлі секторға, соның ішінде автомобиль жасау, фармацевтика, тамақ өнеркәсібі және құрылыс материалдары салаларына тартуға мүмкіндік береді», — делінген бағдарламада.

Ал Nalyk Finance сарапшылары елдегі «мұнайдан тыс бюджет тапшылығы» Қазақстан үшін әлі де актуалды екенін алға тартуда. Бұл — бюджеттің мұнайдан тыс барлық кірісі (салықтар, басқа секторлардан түсетін кірістер) мен барлық шығыстар арасындағы айырмашылықты білдіреді. Қазақстан сияқты мұнай экспортына тәуелді елдер үшін бұл көрсеткіш маңызды, өйткені ол бюджеттің мұнай сатудан түскен табысқа тәуелділігін көрсетеді.

«Мұнай бағасы жоғары болған кездегі мұнайдан тыс тапшылық мемлекеттік бюджеттің мұнай кірісіне қаншалықты тәуелді екенін көрсетеді. Мұндай тәуелділік неғұрлым көп болса, бюджет пен ел экономикасы соғұрлым тұрақсыз болады. Бұл мұнай кірістерінің мұнай бағасына тікелей тәуелді болуымен байланысты, ал мұнай бағасы күрт өзгеріп кететін циклдік сипатқа ие. Егер елдің экономикасы мұнай секторына қатты тәуелді болып, мұнай бағасы бірден төмендесе, экономикалық және бюджеттік дағдарыс қаупі туындайды. Ал Қазақстандағы «тиімді мемлекеттік қаржы» мә-



# ЭКОНОМИКАДАҒЫ ТӘУЕЛДІЛІК ТӘУЕКЕЛДЕРІ

селесі республикандық бюджеттің, Парламент тарапынан бекітілген бюджеттің, толыққанды болмауында және халықаралық есеп пен есептілік стандарттарына сәйкес келмеуінде жатыр, бұл мемлекеттің макроэкономикалық стратегиясын дұрыс бағалап, қалыптастыруға мүмкіндік бермейді», — дейді мамандар.

Экономист, Nalyk Finance басқарма төрағасының Мұрат Темірхановтың пікірінше, Үкімет Парламенттің мақұлдауынсыз бюджеттен тыс мемлекеттік шығындардың үлкен көлемін бақылайды.

«Бюджеттен тыс шығындарды қаржыландыру көздеріне Ұлттық банктің ақша шығару аппараты, Үкіметтің бюджеттен тыс қорлары — БЖЗК, МӘСК, ӘМСК және Проблемалы кредиттер қоры, «Самұрық-Қазына», «Бәйтерек» ұлттық холдингтерінің және олардың еншілес ұйымдарының қаражаттары жатады. Республикалық бюджетке квазимемлекеттік сектордың барлық кірісі мен шығысы кірмейтіндіктен, Парламент бекіткен бюджет тапшылығы мен мұнайдан тыс тапшылық мемлекеттік қаржы жағдайының толық көрінісін көрсетпейді», — дейді ол.

Сарапшы қорытындылай келе, жоғарыда айтылған мәселелерді «2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет» жобасының негізгі кемшіліктерінің бір бөлігі деген пікір айтады.

«Біздің ойымызша, бұл жоба сапалы түрде пысықтауды қажет етеді. Былтырғы жылдың желтоқсан айында Мәжіліс жаңа Бюджет кодексі жобасын алғашқы оқылымда мақұлдады және Жолдаудан кейін бұл кодекс осы жылдың соңына дейін бекітіледі деп хабарланды. Бюджет кодексінің алғашқы оқылымда мақұлданыу құжаттың тұжырымдамалық тұрғыдан бекітілгенін білдіреді. Дегенмен бұрын бірнеше рет жазғанымыздай, қазіргі Бюджет кодексі де, жаңа кодекс жобасы да тұжырымдамалық тұрғыдан елеулі сұрақтар туындатады. Ең алдымен, бұл Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің негізгі принциптеріне қатысты, олар әлемдегі үздік тәжірибелерге сәйкес келуі, сондай-ақ заң шығарушы және атқарушы биліктің барлық мемлекеттік қаржыны басқарудағы рөлін айқындауы тиіс», — дейді мамандар.

Экономист Сапарбай Жобаевтың пікірінше, елдің инвестициялық рейтингіне экономикалық жоғары көрсеткіштер емес, соңғы кездегі заңнамалық өзгерістер оң әсер етуде.

— Аз да болсын, мұндай жетістікке жетіп жатқанымыз неден? Ең бірінші шетке кеткен, заңсыз игерілген қаржыларды қайтаруға жол ашқанымыздан. Әлемдік рейтингтік компаниялар экономикалық дәрежеміз бұрынғыдай болғанымен, әділетті жолға өткенімізді оң бағалап отыр. Онда негізінен мемлекеттің алған не-

сиені тиімді жұмыс істетіп, оны қайтару мүмкіндіктері де қаралады. Бұл жерде біздің отандық банк жүйесінің үлесі де бар деп есептеймін. Одан бөлек, Президентіміз Жолдауда жаңа «Банк туралы заң» қабылдап, әділетті жолға өтуді тапсырған болатын. Халықаралық рейтингтік агенттіктердің оң шешіміне әдетте осындай заң қабылдану шаралары да әсер етеді. Демек, бұл экономикадағы жетістіктердің нәтижесі деп қарай алмаймыз, — дейді экономист.

Оның айтуынша, қазір Қазақстан — Тәуелсіз мемлекеттер достастығының ішіндегі экономикасы өрге домалап келе жатқан елдің бірі. Дегенмен сарапшы квазимемлекеттік кәсіпорындардың үлесі азаймай, экономиканы одан әрі дамыту, орта және кіші бизнесті дамыту мәселелері жақын арада шешілмейді деген пікірде.

— Олигополия, монополияны жоймай, экономиканы әртараптандыруға кейбір билік өкілдері рұқсат бермейді, рұқсат берсе де жол бермейді. Квазимемлекеттік кәсіпорындар өте тиімсіз, өйткені олар бюджеттен ақша алып, халықтың қалтасына қол салып жатыр. Сондықтан қалған 40 пайыздық коммерциялық ұйымдар қанша тырысса да, экономикалық өсімді 6-7 пайыздық көрсеткішке жеткізу қиын, — дейді С.Жобаев.

Ал тәуелсіз сарапшы, экономист Максат Халық мұндай

халықаралық рейтингтердің ел экономикасына қандай үлесі барын айтып берді. Оның пікірінше, әлемдік рейтинг агенттіктері қандай жоғары баға берсе де, экономика тиімсіз басқарылса, тиімді инвестициялық мүмкіндіктерден тыс қалуға аяқталмайды.

— Moody's — әлемдегі негізгі рейтингтік агенттіктердің қатарына жатады. Бір ғана агенттіктің пікіріне толық құлақ аса беруге болмайды. Одан бөлек, Standard&Poors және Fitch Ratings секілді агенттіктердің рейтингтік болжамдарын негізге алу қажет. Дегенмен Moody's еліміздің инвестициялық рейтингін жақсартып жатса, бұл жақсы үрдіс деп қарастыруға болады. Демек, Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері артып жатыр деген сөз. Қандай деңгейге өскенін де қару керек, әдетте ол «тұрақты» және «позитивті» деп айтылады. Бәлкім осы позитивті сценарийге қарай өтсе керек, — дейді экономист.

Оның айтуынша, Қазақстан қазір Орталық Азия аймағындағы инвестициялық рейтингі ең жоғары ел деп саналады. Бұл біздің қаржылық мүмкіндіктеріміздің бар екенін және әлемдік қаржы институттарынан арзан пайызда инвестиция тарта алатынымызды көрсетеді.

— Сондықтан оның оң болуы ел экономикасына пайдасын тигізеді. Бірақ оны Үкіметтің тиімді пайдалана алуы — бұл басқа мәселе. Өйткені кейде рейтингіміз жоғары болғанымен, ел Үкіметі бұл мүмкіндіктерді орынды қолдана алмай жатады. Инвестициялық рейтингтің бір артықшылығы ертең бюджет тапшылығы болса да, көпір салу, жол салу секілді инфрақұрылымдық жобалар жасаймыз десе де, топан судан кейінгі жағдайды қалпына келтіруге де арзан қаржылық көмек тартуға ықпал етеді. Тіпті, алғашқы жылда қаникул алуға да әсері мол.



## ОЙТОҒЫС

21 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

— Роза апай, кез келген шығармашылық адамының (ақын, жазушы) бір төлқұжаты іспеттес шығармасы болады. «Мәңгілік бала бейне» десе, елең ете қалатынымыз — сондықтан. Бұл шығарма сіздің ғана емес, марқұм режиссер Болат Атабаевтың да оң жамбасына тура келген дүние болды десек, артық айтқандық емес. Дегенмен «Мәңгілік бала бейнеден» де бұрын жазушының жеке қолжазбасында сақталған шығармалар баршылық шығар. Жазу дейтін ауыр жүктің алғашқы баспалдағы қалай басталды?

— Негізі, бір ғана шығармасын тану — обал. Атақты «Ерке сұлқымның» авторы Әбдімомын Желдібаев ағамыздың айтқаны есімнен кетпейді. «Ерке сұлқымның» түйесіндей күйлерім бар, бірақ жұрт «Ерке сұлқымды» ғана біледі деп. «Мәңгілік бала бейнені» жұрттың бәрі айтады, дұрыс та шығар. Бірақ «Мәңгілік бала бейнеден басқа еш нәрсе жазбағандай күйде қаласын. «Мысықтар патшалығы», «Сарра», «Фариза», «Бопай ханым» сияқты жоғары баға алған шығармаларым бар. Түркістан театрындағы «Фаризаны», К. Қуанышбаев атындағы театрға «Бопай ханым» спектаклін көру үшін облыстардан ұшып келетін көрермен бар. Бәлкім, «Мәңгілік бала бейне» бағындырған шың өз биігінен түскісі келмейтін шығар. Болат Атабаев «Мәңгілік бала бейнені», М. Әуезовтің «Қаралы сұлуын» (инсценировкасын жаздым) сахнаға шығарып үлгерді. Оның ең үлкен жобасы «Мысықтар патшалығын» сахналау еді. Менің де арманым осы пьесамның сахнаға шығуы болатын.

Бұл драматург пен режиссердің жұмыс барысындағы бірін-бірі толықтыра алатын, бірін-бірі ұға алатын шығармашылық теңдіктің көрінісін аңғартады. Болат бұл шығармаға ерекше қарады, сүйіспеншілікпен барынша-шынғасын салды. Ол Ләйлә болып өмір сүрді, Ләйләның жан азабын кеше білді. Ләйләның жалғыздығына өз басының да жалғыздығын жалғады. Ләйләдан автордың жанын көрді. Болат шебер режиссер, ол сөз қумайтын, ой іздейтін РЕЖИССЕР еді.

— Әдебиет жынысқа бөлінбейтіні рас. Оны біз әлемдік классикадан да жақсы білеміз. Жазуы ер-азаматтардан кем түспейтін қаламгер қыздардың шығармалары әдебиетсүйер қауымға жақсы таныс. Әдебиет дейтін ұлы өнердің көшін сүйреуде нәзік қыздардың жұтылып кетпеуі үшін не қажет?

— Жұтылмайтын шығарма жазу қажет. Бәсін бермеуі керек, жасанды жазбауы керек. Шығарма атыңды шығарады, атағыңды да өзі танытады, жазушы етіп жария салады. Өзінді-өзің жазушы етіп жария сала алмайсың, атыңды әйгілейтін, даңқынды асыратын көркем шығарма. Көркем шығарманың деңгейі бөлек, ауқымы кең. Бұл — ақиқат! Әдебиет сөз құраудың үлгісі емес, ӘДЕБИЕТ — ЖАН, САНА, ҚАҚТЫҒЫС!

Күнделікті өмірдің проблемасын қозғау, мораль айту, тәрбие жүргізу, ақылман болып көсілу, лепіру — әдебиеттің міндетіне жатпайды. Әдебиет ұмыт болатын, бүгінгі проблеманы қозғау үшін жазылмайды. Әдебиет

Оның «Менің үкім» әңгімесі қазақ әдебиетіне бастаған алғашқы қадамы еді. Жазушы осы бір тырнақалды туындысын 6-сыныпта оқып жүргенде жазыпты. Кейін бұл әңгіме «Қазақстан пионері» журналында жарық көреді. «Менің үкіммен» басталған қадам жазушылық жолға бет бұрғызды. Иә, біздің бүгінгі кейіпкеріміз — қазақ әдебиетіне өзіндік сүрлеуімен, өз әлемімен келген жазушы Роза Мұқанова. Қаламгермен әңгімеміз де әдебиет төңірегінде өрбіді.

**Роза МҰҚАНОВА,**  
драматург,  
Мемлекеттік сыйлықтың иегері:



## ӘЙЕЛ — БОЛМЫСЫНДА,

ешқашан шешілмейтін, шешімі жоқ адамзаттың азабын, трагедиясын жазады.

— Жанкештілікті талап ететін шығармашылық дейтін әлемде әйелдің салмағы қалай көрінеді?

— Әйелдің салмағы ер-азаматтармен бірдей, тең. «Мен әйелмін», «менің жазған шығармама жолынды бер», «жеңілдік

орнын салыстырғанда, қоғам «бақыр басты» еркекке көбірек салмақ артатынын байқатып қояды. Ал сонда «алтын басты» әйелдің кінәсі неде деп ойлайсыз?

— Ұрпақты АНА тәрбиелейді. Әйел жарды да өзі таңдайды... Осының өзі әйел қуаты мен қаһармандығының көрінісі. Әйелге әлсіз деп қарауға болмас,

Хиуаз... Бірақ «Бұлбұл» сияқты көркем шығарма жаза алмаған секілдіміз. Қазақ әйелдері тақырыбын жазудағы қиындық неде деп ойлайсыз?

— Шынымды айтсам, бұл шығарманың мақтауы асып жатқан соң мен де сатып алдым, бірақ тартпады. Әдебиеттің табиғи көркем тілі өзіне тән болмай шыққанда оқырман ретінде кітап оқи алмай қаламын. Қазақ әдебиетінде соғыс тақырыбына жазылған шығарма аз емес. Соның ішінде әйел образы да қалыс қалмады.

XX ғасырдың басында «әйел теңдігі» деген тақырып белең алды. Осыған байланысты ар-ұяты тапталған қазақ қыздарының ауыр тағдыры еселеп жазылды. Жүсіпбек Аймауытов «Күнікейдің жазығы», Мағжан Жұмабаев «Шолпанның күнәсі», Мұхтар Әуезов «Қаралы сұлу», «Қорғансыздың күні», Бейімбет Майлин «Күлпаш» сияқты шығарманың бәрі классикалық шығармалар, бірақ қазақ қызының қамкөңіл, қаралы, ауыр тағдыры бейнеленді. Ал қазақ даласында қазақтың әулие, дана, қолбасшы, саясаткер аналары болғанын тарихтан жақсы білеміз. Осы тақырыптарға қадам басу керек. Жазушы Шәрбану Бейсенованың «Ұлы дала арулары» атты еңбегінде қазақ даласындағы әйгілі аналар бейнесінің тарихы жинақталып, авторлар ұжымының жинағы жарық көрді. Сондағы Сүзге, Сүйінбике, ақын Сара сынды тұлғаларды Шәрбану апай терең зерттеген. Домалақ ана, Мұрын ана, Қызай ана, Бопай ханша, Айғаным және басқалар. Осы зерттеулер түбі көркем шығармалардың жазылуына мұрындық болады деп ойлаймын. Қазақ қыздарының әділетті, қаһарман образын жасайтын уақыт келді. Әдеби образ — ең әуелі тақырыпты зерттеу арқылы, төл тарихымызды терең білу арқылы ғана жүзеге асады, бұған жылдар кететіні даусыз. Біздің тарихи тұлғалар тек ауызша тарихтың деректерімен шектеліп келді.



**Жұтылмайтын шығарма жазу қажет. Бәсін бермеуі керек, жасанды жазбауы керек. Шығарма атыңды шығарады, атағыңды да өзі танытады, жазушы етіп жария салады. Өзінді-өзің жазушы етіп жария сала алмайсың, атыңды әйгілейтін, даңқынды асыратын көркем шығарма. Көркем шығарманың деңгейі бөлек, ауқымы кең. Бұл — ақиқат! Әдебиет сөз құраудың үлгісі емес, ӘДЕБИЕТ — ЖАН, САНА, ҚАҚТЫҒЫС!**

жасандар» деп айта алмайсыз, айтуға хақыңыз да жоқ. Әдебиетке гендерлік саясатты да кірістірудің қажеті жоқ. Соғыста әйел деп, еркек деп таңдау жасамайды, қару бәріне ортақ. Қалам да сол — қаруын. Жазушы табиғаты — әйел, еркек деп бөле қарауға келмейтін ұғым. Екеуіне де қара сөздің қасиеті қонған, жан ортақ, сана ортақ. Бірақ таңдаулысы ғана танылады.

— Әйел — нәзік жаратылыс. Солай бола тұра, тарихта қаһарман әйелдердің тұлғасы көп. Оларды ержүрек еткен не сиқыр? Сіздің кейіпкерлеріңіз де кіл қаһарман әйелдерден тұратынын жақсы білеміз. «Әйел қаһарман көрінсе, оның ұрпағы да қаһарман көрінеді, ұлты да қаһарман болады» дегеніңіз де осыны меңзесе керек. Дегенмен ер мен әйелдің

әйелдің сырты нәзік көрінгенмен, қуаты мықты. «Жақсы қатын, жаман еркекті адам етеді» дейді біздің халық. Біріншіден, жақсы қатын жаман еркекке өлтірсең де тимейді, тиген жағдайда сөзсіз АДАМ етіп шығаруға ғұмырын арнайды. Қаһарман емегенде не?.. Өйткені еркегінің есіктегі басын, ұрпағы үшін төрге шығаруға бел буады, қайсар, ұрпақ алдындағы міндетін зор санайды, жаратылысы сол! «Әйелдің қырық жаны бар», еркек неге қырық жанды емес?.. Әйел — болмысында, табиғатында қаһарман.

— Кристин Ханнаның «Бұлбұл» романы — II Дүниежүзілік соғыста ерлік көрсеткен француз қызының көркем образын суреттеген шығарма. Бізде де соғыста ерлік көрсеткен батыр қыз көп. Әлия, Мәншүк,



## ОЙТОҒЫС

21 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБИ

Әдебиет, кино, театр – қаһарман, қолбасшы болған Бопай ханша (Кенесары ханның қарындасы), Назым, Гауһар сынды батыр қыздардың бейнесін сомдауға атсалысуы керек.

– Бұрын адам баласында белгілі бір құндылықтарды құрмет тұту бар еді. Қазір көп нәрсе өзгерді: бірақ сол өзгерістердің арасында біз адами қасиеттерді сақтап, ұстап қала аламыз ба?

– Сақтай аламыз, егер дәстүрімізді, ұлттық ерекшелігімізді, ана тілімізді құнды деп танысақ. Егер осы құндылықтардан ажырап қалсақ, біздегі бауырмалдық пен қайырымдылық та, адами қасиеттер де, қарым-қатынас та біртіндеп сөне береді, жойыла береді.

– Бұрын адам жанын сөз емдейтін еді, қазір керісінше сөзбен буллия жасап, жаралайтындар көбейді. Сөздің қадірі кетті деп ойлаймыз ба?

– Сөздің бе?... Меніңше, тұлғалардың қадірі кетті. Бұрын тұлғаларға қарапайым жұрттың қолы жетпейтін, биліктің де сөзі өтпейтін. Біздің қоғам тұлғаларды қол-



мектепке барғанша, қайтқанша жағым талмай, рөлін ойнап, айтып келетінмін. Әуезовті пірім деп білемін. Шығармашылығыма Тәкен Әлімқұловтың прозасы әсер етті. Студент кезімде Стефан Цвейгпен табыстым. Әрі қарай кете береді. Сайын Мұратбеков пен Қалихан Ысқақты Әкім Таразидың ең жақын достары болғандықтан ерекше ынтамен оқыдым.

– Шығармашылықтан жалығатын кез бола ма? Роза Мұқанова қаламгер болмаса, қай саланы таңдар еді?

– Шығармашылықтан жалыққан емеспін, керісінше уақыт бөле алмадым, қарыздармын. Оған бар ғұмырымды сарп етіп, жанкешті болып өзімді бүтіндей арнай алмадым. Жазу – мені таңдады, ал мен сатқындық жасадым. Жазудан гөрі отбасымды ілгері қойдым, болашақта кешірілемін бе, кешірілмеймін бе, білмеймін... Жазу – кие! Киеге абай болу керек! Ол мәңгі бірге бола алмайды, сенен көшіп кететін мезгілі болады, уақытша жаныңнан ұя

## ТАБИҒАТЫНДА ҚАҒАРМАН

жаулық етіп алғаны рас, саясатқа да, тойға да ортақ, әр жерде әртүрлі сөз айтады, өзгермелі, арзанқол болып кетті.

– Шығармашылық адамы тоқырайтын уақыт бола ма? Сіздің жазу лабораторияңыздың ерекшелігі неде?

– Тоқырайды. Бірақ тоқырағанын білмейтіндері бар, білетіндері бар. Жазғым келетін тақырыптар әуелі өлі қалпы жатады, 4-5 жылда санамдағы кейіпкерге ақырындап жан біте бастайды, формаға түседі, тәсілі, әрекеті пайда болады, толыққанды жаратылып болғанда ғана сыртқа шығаруға, жазуға бел байлаймын. Шығармаларымның арасы тым ұзақ болатыны да сондықтан.

– Екі бірдей шығармашылық адамы бір отбасында тоғысқанда әдеби процесте қиындық туа ма? Әлде ортақ үйлесім бар ма? Әкім ағаның қай қасиеті сіз үшін құнды? Ол кісі сіздің шығармашылығыңызға баға бере ме?

– Қиындық болған емес, біз бір-бірімізге не жазатынымызды, не жазып жүргенімізді айтпайтынбыз. Айта қалсақ, аузымыздан әлдеқалай шығып кетсе, ол шығарма ауаға жайылып кетті деген сөз. Ешқашан жазылмайды, бітті! Мұндай өкінішті сәттер болған. Сол себепті менің бірдене түрте бастағанымды сезсе, Әкім аған мазаламауға тырысады. Шығармамды бітіргенге дейін бәйек болып жүреді. Мен кейбір өзіме ұнаған тұстарды ағана оқығым келіп тұрады, бөліскім келіп тұрады. Ал Тарази мүлде басқа, ол жазу барысында бой жасырып тығылып, көзге көрінбей жүреді, пәтер жалдап кетіп те қалады, қабағы ашылмайды, күйініп, ыза болып, булығып жүретін. Ондай кезде мен бәйек болып, тамағын, ас-суын дайындап құрақ ұшамын. Бұрын осы күй жиі қайталанатын, шығарманы аяқтағанда тау қопарғандай бақытты болатын еді. Ағаң 80 жасында «Андрей» деген көркем эссе жазды. Ғажап шығарма! Мұнан кейін Әдебиет деген нақсүйерімен



**Тоқырайды. Бірақ тоқырағанын білмейтіндері бар, білетіндері бар. Жазғым келетін тақырыптар әуелі өлі қалпы жатады, 4-5 жылда санамдағы кейіпкерге ақырындап жан біте бастайды, формаға түседі, тәсілі, әрекеті пайда болады, толыққанды жаратылып болғанда ғана сыртқа шығаруға, жазуға бел байлаймын. Шығармаларымның арасы тым ұзақ болатыны да сондықтан.**

бүтіндей қоштасты. Түсінесіз бе?.. Оның мұңын бөлісер, шерін ұғысар, ой-санасына ортақ болар мен ғана қалдым. Осыбір ауырлау сәтті ол кісі тез жеңе алды, ал мен жылап жүрдім, аяйтынмын... Ол кісі жазуымен табысса екен деп шын тіледім, бірақ қайырылмады. Менің түсінігімде суреткер жазумен мәңгі бірге болады, ерлі-зайыптылар сияқты деп ойлайтынмын. Сөйтсем, олардың да ерлі-зайыптылар сияқты бірі ерте кетіп, бірі соңында қалады екен.

Әкім ағанның бойында асыл қасиеттер көп, өте көп! Соның бірі өсек тындамайды, бос сөзге араласпайды, қиянат сөз айтудан бойын таза ұстаған адам, кісі сыртынан сөз айтпайтын жан. Бұл – асыл қасиет, мұндай адамдар сирек қой. Әлдекімдер көкелеп келіп, еркін сөйлей бастағанда бірден тыйып тастап отырады. Ондай кезде әлгі адамның көңіліне ауыр келді ғой деп мен қиналып отырамын, бір қызығы, жанағы адам да көңіліне алмайды. Ағанның әділдігін іштей мойындап кетеді.

Ол кісіні Алла ерекше сабырмен жаратқан. Дүние төңкеріліп түссе де сабырын жоғалтпаған адам. Батыл, шешімінен айнымайды. Осындай қасиеттер менде жоқ, мұндай қасиет әркімде бола бермейді.

– Қазақтың қаламгер қыздарының ішінде сіз құрмет тұтатын, үлгі тұтатын кімдер бар? Жалпы, біреуге еліктеген кезіңіз болды ма?

– Мен қазақ жазушы қыздарына еліктемедім, керісінше жазушы ағаларыма еліктедім. Мұхтар Әуезовті ерекше жақсы көрдім, мектеп қабырғасында да, студент кезімде де фотосуреттерін қиып алып, жинап жүретін едім. «Еңлік-Кебектегі» Еңліктің монологын жаттап алып,

тауып қонақтайды. Ал сен оның иесі ретінде баптауың керек, берілуің керек, қара басыңды соған арнауың керек. Бойындағы барыңды сарпып беруің керек. Кемпірбай ақынның «Кеудемнен көкала үйрек кош деп ұшты» дегеніндей, ЖАЗУ мәңгілікке қалмайды, тастап кете барады. Мен үшін ЖАЗУ – мінәжат. Тазару үшін, жанымды сақтап қалу үшін жаздым. Жазу – ойды бұзбайды, Жанды кірлетпейді. Жазу – жалған сөйлетпейді. Осындай қасиет бар қаламда.

– Шәкірт тәрбиелеп жүрген ұстаз ретінде жастарға не айтар едіңіз? Олар нені, кімді үлгі тұтуы керек?

– Шәкірттерім менен гөрі мықты, талантты, білімді, қайсар, жанкешті болса екен, қаламды кие тұтса, адал болса екен. Болашағынан үміт күткен тамаша шәкірттерім бар, тек Алла оларға ғұмыр берсін деп тілеймін.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Гүлзина БЕКТАС

## ҚЫСҚА ДА НҰСҚА:

- Қаламгер әйелдің досы көп бола ма, дұшпаны ма?
- Егер талантты болса, дұшпаны көп болады. Көптің бірі болса, дұшпандасып қайтсін. «Талантты болу қауіпті, талантсыздардың ішінде...» (Фарица Оңғарсынова).
- Дінге көзқарасыңыз қалай?
- Дұрыс. Мұсылманмын.
- Театрдан бөлек, сізді не қызықтырады?
- Балаларымның болашағы.
- Бопай ханым, Фарица, Сарра... Сізге кейіпкеріңіздің өмірінен таңдау бұйырса, қайсысы болар едіңіз?
- Үшеуі де бола алмаймын. Роза болып қалар едім.
- Ұл-қызыңыздың шығармашылыққа барғанын қалайсыз ба?
- Олар ғылым жолына таңдау жасаған, шетелде қызмет етеді.
- Қаламгер әйел мықты ер адам образын жасай ала ма?
- Жасай алады, тарихын, өмірбаянын жақсы білсе.
- Сөздің серті неде?
- Уәде. «Уәде – Құдай сөзі» деген.

## МӘСЕЛЕ

21 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

# АЛАЯҚТАРҒА ҚАРСЫ «ҚАРУСЫЗ» МАЙДАН

Қазақстанда бүгінде мемлекеттік қызметтердің 92%-ы онлайн көрсетіледі. Оның 85%-ын eGov mobile арқылы смартфоннан лезде алуға болады. Банк секторында, онлайн саудада, мемлекеттік қызметтер көрсетуде цифрлық сервистердің серпінді дамуы ел тұрғындарының өмірін қолайлы етеді, мәселелерін жеңіл шешуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге мұның бәрі қаптаған интернет-алаяқтар үшін де кең өріс ашады. Олар мысалы, қазақстандықтардың үстінен әп-сәтте онлайн-кредит рәсімдей алады немесе олардың бүкіл жинағын көзін ашып-жұмғанша өзге шотқа қосып алады. Тиісінше, цифрландырудың артуымен бірге кейінгі жылдары киберқылмыстар саны күрт өсті және олардың айла-шарғылары күн сайын жетілдіріліп, күрделенеді.

Мұның кең ауқым алғаны сонша, ондаған жылдар бойы кемеліне келтірілген дәстүрлі алаяқтық түрлері интернет-алаяқтыққа ысырылып жол берген. Қазіргі кезде алаяқтық деректерінің жалпы санында бір ғана интернет-алаяқтықтың үлесі жартысына жетті. 2023 жыл қорытындысында жалпы 43 895 қылмыстың 21 637-сінде (50%) құрбан интернет арқылы тұзаққа түскен. Бұлар елдегі бүкіл қылмыстың шамамен бестен бір бөлігін (18,7%) құрайды. 2024 жылдың бірінші жартысында осындай 9 462 қылмыс тіркелген. Бұл мысалы, 2017 жылғы — бір жыл бойғы көрсеткіштен 4 еседей көп. Яғни, алаяқтықтың осы түріне тосқауыл қойылса, қылмыс көрсеткіші күрт жақсарар еді.

Кейінгі 7 жылда интернет-алаяқтық саны 10 еседен көп артқан. 2017 жылы — 2 046, 2018 жылы — 4 287, 2019 жылы — 7 733, 2020 жылы — 14 175, 2021 жылы — 21 275, 2022 жылы — 20 444, 2023 жылы — 21 637 осындай қылмыс тіркелді. Тіркелмей қалғаны қаншама? Азаматтарға келтірілген шығын 21 миллиард теңгеден асты. Бұл цифрлардың ар жағында тапқан-таянғанынан айырылып, теперіш көрген тағдырлар, құқық қорғау органдарынан қорған таппай, өмірден түңілген адамдар, баспана алуға сайлаған қаражатын жоғалтып, күйреген шаңырақтар тұр.

— Халықтың қаржылық сауаттылығы төмен. Соның аясында интернет пен ақпараттық технологиялар, жасанды интеллект, хромакей технологиялары және басқалары алаяқтар үшін қолайлы орта құрды. Олар тіпті видеоқоңырау шалғанның өзінде бет-жүзін жасыра алады. Біз алаяқтыққа жол беретін алғышарттармен, себептерімен емес, тек салдарларымен күресудеміз. Азаматтарымыз-

Президент тапсырмасымен елде интернет-алаяқтықпен күрес күшейтілді. Алғашқы қорытындылар қандай? Сарапшылар жауапты құрылымдардың тек салдарлармен күресіп жүргенін сынап келді. Үкімет сыннан мінді түзеуге кіріскенге ұқсайды. Сондай-ақ күрес тетіктерін нығайту үшін заңнамалық түзетулер пысықталып жатыр. Оның аясында суперадминистраторлар, антипарсерлер, антибот-жүйелер қызметіне бақылау енгізілмек. Жыл сайын хакерлерді тартып, ауқымды кибероқыту жүргізіледі.



дың 48,2%-ы ақпараттық әлеуметтік желіден алатынын айтқан. Онда негізінен зорлық-зомбылық, атышабыс не әзіл-әжуа басым. Елдің сауатын ашу жұмыстарын сол жақта жүргізу керек. Қаржылық сауаттылық мектептен басталуы тиіс, — деді сенатор Евгений Большерт.

Мысалы, шетелдегі алаяқтар «Самұрық-Қазына» қоры, «Қаз-Мұнай Газ» сияқты танымал ұйымдардың терісін жамылып, жалған инвестицияға ақша жинайды. Қарапайым азаматтың бұларға қоңырау шалып, шын-өтірігін анықтай алмайтынын пайдаланады.

## ҚАЛАЙ АЛДАНЫП ЖҮРСІЗ, АЗАМАТ?

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті енді интернет-алаяқтықпен байланысты қылмыстардың құрылымы туралы деректерді жариялай бастады. Бұл ақпарат аңғал азаматтардың қаскөйлердің қандай айла-шарғысына көбірек сеніп қала беретінін түсінуге көмектеседі.

Статистика бойынша, интернет-алаяқтықтың ең танымал тәсілдеріне келесілер жатады: бі-

24,2%. Дербес деректердің ұрлауының немесе қазақстандықтардың оны өз еркімен жазып қалдыруының соңы үлкен шығынға соқтыруы мүмкін.

Үшіншіден, олар жок жобаларға инвестиция жасап, мол табыс табуға қызықтырады. Төртіншіден, өзін банктің, прокуратураның, полицияның, арнайы органдардың және басқасының қызметкері ретінде таныстырып, қоңырау шалады. Түрлі құлықпен құрбанының қаражатын қалтасына басады, онлайн кредит рәсімдетеді.

Сондай-ақ киберқылмыскерлер аңқау жандарды құрығына түсіру үшін жалған лотереялар, конкурстар, викториналар ұйымдастырады. Адамдардың әлеуметтік желідегі аккаунттарын бұзып, меншіктеп алады, солар арқылы оның таныстарына, туыс-туғанына жалған хабарламалар жолдап, қарыз не әлдебір проблемадан құтылуға ақша сұрайды.

Ұялы байланыс операторлары нөмірді ауыстыру (мысалы, дисплейде нақты бір банктің төрт санның тұратын шынайы нөмірі шығып тұрады) арқылы телефон соққан шетелдік алаяқтардың жүздеген мың қоңырауын бұғаттайды. Бірақ бұл сүзгіні алаяқтар SIP-телефония немесе SIM-бокс арқылы айналып өтеді: олар телефон трафигін интернетке ауыстырады. Болмаса, WhatsApp, Telegram арқылы қоңырау шалатынды шығарды.

## КҮРЕС ШАРАЛАРЫ ЖЕТІЛДІРІЛЕДІ

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің депутаттарға ұсынған ақпаратына жүгінсек, Үкімет мүдделі мемлекеттік органдармен бірге киберқылмыстарға, соның ішінде онлайн-алаяқтыққа қарсы тұру бойынша ұйымдастырушылық-практикалық шаралар қабылдап жатыр. Тиісті ведомстволық және ведомствоаралық нормативтік актілер іске асырылады. Осы бағытта алғаш рет жеке тұжырымдама, бағдарлама және жол картасы қабылданды.

Банктер цифрлық қауіпсіздіктің қосымша тетіктерін қолдануға міндеттелді. Мысалы, бұдан былай қосфакторлы аутентификациядан және биометриялық идентификациядан өтпеген клиентке несие берілмеуі тиіс. Алаяқтар онлайн несие рәсімдегенде, аутентификациядан өту үшін клиенттердің смартфондағы галереядан ұрлаған немесе әлеуметтік желіден алған фотосын немесе видеосын пайдаланады екен. Алаяқтар терминалдың камерасына құрбанның сондай фотосуретін не бейнежазбасын тосып тұрмауы үшін банктер мен МҚҰ-лар қарыз алушыдан белгілі бір бірізділікпен қайталанатын «бақылаулық қозғалыстарды» орындауды сұрауға міндетті.

Заңнама да жетілдіріліп жатыр. Азаматтардың дербес деректерінің сыртқа ағып кете беруіне тоспа құру үшін заңнамамен қарастырылған жағдайлардан басқасында, жеке куәліктердің, сондай-ақ жеке басты куәландыратын өзге құжаттардың копия-көшірмесін алуға заңмен тыйым салынды. Дербес деректерді жинайтын ұйымдар олар сыртқа ағып кетсе, бұл фактіні уәкілетті органға дереу хабарлауға міндеттелді. Бір күн ішінде құлақтандырмай, жасырса, айыппұл салынады. Дербес деректерінің қолды болғаны туралы халықты хабарлар ету тәжірибесі қолданылады. Азаматтардың сырттан онлайн несие рәсімделмеуі үшін банк заёмдарын алудан ерікті бас тарту тетігі енгізілді.

Жаңа заңнамалық түзетулер аясында суперадминистраторлардың қызметіне, антипарсингке, сондай-ақ антибот-жүйелерге бақылау енгізу жоспарланған. Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексіне ұсынылған жаңа түзетулер дербес деректер, электронды цифрлық қолтаңба саласындағы заңбұзушылықтар үшін жауапқа тартудың «ескіру мерзімін» (срок давности) арттыруды, айыппұл көлемін 3 есе көтеруді қарастырады.

Жұрттың «Қаржылық сауатты» арттыру үшін 17 облыста, Астана, Алматы және Шымкентте офлайн, бетпе-бет кездесу форматында жаппай оқыту іске қосылды. 2024 жылдың басынан қаржылық сауаттылықты арттыру курстарынан 54,4 мың адам өтіпті. Оның 81%-ын ауыл мен аудан тұрғындары құраған.

Өскелең ұрпақты қаржылық тұрғыдан оқу-ағарту үшін АМАНАТ партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асырады. Оның аясында, Олжас Бектеновтің айтуынша, 2024 жылы оқушылар мен студенттерге арнап, қаржылық сауаттылық жөніндегі оқулықтар мен әдістемелік жасау жоспарланған. Соның арқасында мектеп, колледж бен жоғарғы оқу орындарында жыл сайын шамамен 550 мың шәкірт оқытылады.

Сөйтіп, Үкімет пен құзырлы құрылымдар интернет-алаяқтармен «майданның» барлық бағытында аяқасып жатқанға ұқсайды. Мемлекеттің де, халықтың да тағдыры осы тайталаста қай жақтың жеңетініне тәуелді болады.

Елдос СЕНБАЙ

## ТАНЫМ



# ҚЫТАЙ ҚОРҒАНЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ НЕ?

Атақты қытай көсемі Мао Цзе Дунь еліне қарата айтқан сөзінде: «Егер Ұлы Қытай қорғанында болмасаң, сен нағыз қытай емессің...» деген екен. Дәл осы сөйлем алып қорғанның кіреберісінде ілінген тақтайшада да жазылған. Иә, әлемнің жеті кереметінің бірі саналған ежелгі Қытайдың ең ірі әскери қорғаныс құрылымы болған Қытай қорғанын көру, биігіне шығу – кез келген туристің мақсаты. Жуырда аты аңызға айналған Қытай қорғанын көру бақыты бізге де бұйырды.

**А** Наурызбек  
САРША

Қорғанға кіре берісте алып қорғанды тұрғызуға атсалысқан императорлардың мүсіндері қойылған шағын бөлмеге тап боласыз. Қытай халқы мұнда император бабаларына тағзым етіп, шырақ тұтатады. Одан әрі көтеріле бере шағын алаңда ұлттық нақышта киінген өнерпаздар дәстүрлі билерін билеп, кунг-фу жекпе-жегінен қойылым көрсетеді. Әрі қарай қарасаң көзін жетпес, шексіз қорғанның алғашқы баспалдақтары бастала түседі. Жолдары мен тешпешектері түгел қайта жөндеуден өткені көрініп тұр. Мұнда қоқыс тастауға болмайды. Тіпті, туристерге шылым тартуға да тыйым салынған. Мұның себебін бізді ертіп жүрген гид жетекшіміз түсіндірді. Оның айтуынша, айнала толған талдар болғандықтан өрт болу қаупі тым жоғары екен. Иә, айнала жап-жасыл, биіктеген сайын қорғанды қоршаған тау сілемдері айдаһар жонындай күдірейіп көрінеді. Қорғанның үстінде әр 100 метр сайын 2-3 қабаттан тұратын қарауыл мұнарасы салынған. Онда гарнизон сарбаздары тұрған, әрі қару-жарак, оқ-дәрі сақталған деседі. Ал қорғаныс шебінің ең маңызды деген тұстарында ірі бекіністер, ішкі өткелдер бар. Қорғанның ішкі, ал кейде сыртқы жағынан тау жоталарының үстіне аралары белгілі қашықтықты сақтай отырып салынған дабыл мұнараларында күндіз түтін түтетіп, түнде алау жағу арқылы бір-біріне белгі беріп отыратын болған. Осы тәсілмен аз уақыттың ішінде 5000 шақырым алыс жерге әскери дабыл беріп, қауіп-қатерді хабарлай алған. Мұндай дабыл беру тәсілдері біздің даламызда да болған. Мәселен, Тараздағы көне Төрткүл қорғаны да сондай міндеттерді атқарған. Ұзындығы 10 мың шақырымға жуық қорған Батыста Гоби шөлінен басталып шығыста Бохай теңізінің жағалауына дейін жетіп, 15 түрлі аймақты жалғап жатыр. Мұндай үлкен кеңістікте қорған тұрғызу оңай емес екені белгілі. Құры-

лысқа 2 миллионнан аса адам қатысқаны айтылса, оны салу кезінде 1 миллион адам мерт болған дейді кейбір жазбаларда. Тіпті, Цинь империясы тұсында осы қорғанда құрылыс кезінде өлген жұмысшыларды кірпішпен бірге қалап жіберіп отырған деген аңыз бар.

## ҚОРҒАНҮ ШҮН БЕ, ӘЛДЕ ЖАБЫҚ ҚОҒАМ ШҮН БЕ?

Тарихи деректерде Ұлы Қытай қорғанының құрылысы б.д.д. III ғасырда бытырап жатқан Қытай патшалықтарын біріктірген Цинь патшалығының негізін қалаушы – Цинь Шихуанди билігі тұсында басталып, біздің заманымыздың XIV ғасырдың соңғы ширегінде Мин патшалығының негізін қалаушы – Чжу Янчжань билігі тұсына дейін жалғасқан деп баяндалады. Жалпы, адамзаттың ұлы туындысы саналған, аса шеберлік пен мол қажыр-қайратты талап еткен осынау үлкен мәдени

Ол кәдімгі шикі кірпіштен қиытырылған. Жауыннан езілген қабырға пәленбай шақырымдық балшық үйіндісіне айналып отырған. Қабырғаның тас фрагменттері кейіннен туристер үшін салынған», – деген пікірді айтады. Сөйтеді де келесідей түсіндірме және береді. «Көне Қытай қоғамы бүгінгідей барынша орталықтандырылған, адамдардың әрбір басқан қадамы мен әрбір демі мемлекеттің қадағалануына алынған қоғам болды. Мемлекеттің билігі шексіз, адамдардың құқығы жоққа тән еді. Қытайдың осынша дәрежеде орталықтануы мен мемлекеттенуінің сыры аштық пен соғыста жатыр. Себебі Қытайдың ең үлкен проблемасы – халқының көптігінде. Адам қисапсыз көп шоғырланған жерде аштық, соғыс, түрлі толқу міндетті түрде болады. Осы себепті де Қытай билігі адамдардың қалың массасына бір сәтте болсын босаңсуына, еркін беріп өзгеше ойлауға,

Құрылысқа 2 миллионнан аса адам қатысқаны айтылса, оны салу кезінде 1 миллион адам мерт болған дейді кейбір жазбаларда. Тіпті, Цинь империясы тұсында осы қорғанда құрылыс кезінде өлген жұмысшыларды кірпішпен бірге қалап жіберіп отырған деген аңыз бар.

нысанның о бастағы не үшін салынғаны туралы әртүрлі нұсқа бар. Кейбір тарихшылардың айтуынша, оны қытайлықтар ғұндардан қорғану үшін салған. Жуырда Таласбек Әсемқұловтың «Қондыгердің бір-ақ беттік тарихы» атты кітабынан «Ұлы Қытай қабырғасы жайындағы миф» атты тарауды оқып қалдым. Сонда ағамыз: «Қабырға бүгінгі тарихшылар дәлелдеп жүргендей, қорғаныс үшін салынбаған еді. Ол дүниені ішкі және сыртқы Қытай етіп екіге бөлді. Қабырғаның ішіндегі Қытай – аспанасты империясының орталығы, ал қабырғаның сыртындағылар бағынғаны бар, әзірге бағынбаса да кейіннен бағындырылатын құлдар, бұратана жұрттар. Бүгінде қабырғаның тастан қаланбағаны белгілі болып отыр.

тәртіпке бағынбауларына жол бермеді. Соның әсерінен Қытай билігі адам айтқысыз күшейіп, еріксіз этатизацияға ұшырады». Яғни, Қытай қорғаны зерттеушінің пайымынша, халықтың қалың массасын солтүстіктегі жабайы тайпалармен қорқытып, еркіндікті сезіндірмей, халықтың қорғанның арғы жағындағы сыртқы дүниеге кетіп қалмай, оларды тырп еткізбей ұстап тұру қажеттілігінен салынған құрылыс. Мұның себебін автор былайша сабақтайды: «Егер Қытай әміршілері қабырғаға әскер қоятын болса, ол үшін жақсы қаруланған 5 миллион жауынгер қажет болады. Ал ондай армияны асырау үшін 10 миллион шаруа, егінші, диқан ертеден кешке дейін бел жазбай еңбек етуі керек. Және осының бәрі ойдан шығарылған



қауіптен туып отыр. Қабырға көшпенділерден қорғану үшін салынған жоқ. Қабырға қытайлардың сыртқы дүниеге шықпауын қадағалап отыру, күзетіп отыру үшін салынған. Басқа кез келген сана сияқты Қытай санасы да мифологияланған сана. Қабырғаның қалыңынан әлі күнге дейін қыштан жасалған бес қаруын асынған жауынгерлердің бейнесі табылады, кейде ол қабырғаға сылап жіберген шын адам болуы да мүмкін» – дейді автор.

Таласбек Әсемқұловтың пікірінің жөнін білмек ниетте тарихшы, жазушы Қойшығара Салғараұлынан хабарласқанымызда ол қорғанның Цинь Шихуандиден бұрын басталғанын айтып қалды. «Яғни, ол қабырғаны нөлден бастаған жоқ, ғұндардың толассыз шабуылынан бірақ мыңдаған жыл бойы салынған жекелеген бөліктерді біріктірді. Рас әу баста қорған көшпенділерден қорғану үшін салынды. Кейінірек Мин императордың тұсында жергілікті халық ғұндар жаққа қашып өтіп кете берген соң, қорғанды қайта күшейтті», – дейді тарихшы ағамыз. Бұл жөнінде бізді қорғанның биігіне аралатқан гидтен нақтылап және сұрағанымызда ол: «Иә, әртүрлі нұсқалар айтылады. Дегенмен

## ТҮЙІН:

Иә, сонымен екі жарым мың жылдан астам тарихы бар Қытай қорғаны адамзаттың сәулет өнері тарихындағы ғажайып кереметтердің бірі ретінде бүгінде жылына 40 миллион турист баратын тарихи ескерткіш. Оны 1961 жылы ҚХР үкіметі қорғанның көптеген тұстарын қайта қалпына келтіріп, мемлекет қорғауына алса, ал 1987 жылы ол адамзаттың мәдени құндылығы ретінде ЮНЕСКО-ның бүкіл әлемдік мәдениет және табиғат ескерткіштері тізіміне енгізілді. Бүгінде қытай елі әлем бойынша ғылым мен технологияның соңғы жетістіктерін жетік меңгерген алып мемлекетке айналды. Барлық саласы серпін алып, көп мемлекеттен көш ілгері болып келеді. Дегенмен алып қорған туралы аңыздың сан түрі әлі де айтыла бермек. Әйтпесе, оның несі аңыз?!

21 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

көшпенді халықтан қорғану мақсатында да, жергілікті халықты сыртқа шығармау мақсатында да қорғанның зор рөлі болды» деп жауап қайтарды.

## ҚОРҒАН КӨШПЕНДІЛЕРДЕН «ҚОРҒАН» БОЛА АЛДЫ МА?

Қорғанды қорғаныс үшін алды десек, бұл құрылыс салынғанымен де солтүстіктегі мазасыз көршілерінің елді тонауды көздеген шапқыншылығы сап тыйылмағанын, тіпті ғұндар, түріктер, кидандар, моңғолдар мен шүршіттер (маньчжурлер) қорғаннан өтіп, отырықшы елдермен емін-еркін саяси, мәдени және сауда байланыстарын жүргізді, әуелі олар Қытай жерінде Вэй (таб-ғаш), Ляо (кидан), Юань (моңғол), Цинь (маньчжур) империяларын құрып, Қытайды көптеген ғасыр биледі. Біздің дәуіріміздің XIII ғасырында билік құрған Ұлы Қаған Шыңғысханның әскеріне аталмыш қорған тосқауыл бола алмағанын тарихтан білеміз. Шыңғысхан әскері қорғанның үзік жерлерінен айналып өтіп, Қытайдың бүкіл солтүстік аумағын жаулап алғаны да Таласбек Әсемқұловтың дерегін негіздей түсетін сықылды. Таласбек Әсемқұлов көшпенді түркі тілді елдердің және отырықшы қытай жұртының ойлау жүйесі мен менталитетін салыстыра келе, көшпенділердің ойлау жүйесінде «жоғары билік» деген сөздің мағынасы түсініксіз, сахараның адамы бір-біріне деген призмацияны ғана біледі, олар тек өзара паритетті мойындайды деп сипаттама беріп, ал қытайлықтардың менталитетінде қатан орталықтанған билікті, төменнен жоғары қарай бағыныштылыққа құрылған иерархиялық тәртіпті сөзсіз мойындау, еркін және өзгеше ойлауға жол бермеу тән екеніне тоқталған.

Қорғанның қорғаныстан басқа да көптеген функциясы болды. Мысалы, Ұлы Жібек жолы қабырғаны үш рет кесіп өтті, сондықтан саяхатшылар үш рет кеденді бақылаудан өтіп, алым төлеп, контрабанда үшін іздестірілді. Қытай қабырғасының санылаулары екі жақтан да трафикті қадағалауға көмектесті. Көші-қонды бақылау да осы жерде жүзеге асырылды. Сонымен қатар қабырға көлік қызметін де атқарды. Межелі жерге жету оңай әрі жылдам болды. Толассыз жауған жаңбыр кезінде де қозғалысты айтарлықтай жылдамдатты. Кейбір дереккөздерде Қытай қабырғасының санылаулары неге Қытайға қарай бағытталғанын және олардың неліктен оң және сол жақта ұзақ қашықтықта орналасқанына «жау екі жақта да болуы мүмкін» деген жауап береді.

## ДАУА

21 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы «Адам папиллома вирусына қарсы екпе салудың маңыздылығы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Жиынға қатысушылар еліміздің мектептерінде 11 жастан бастап барлық қыз балаларға папиллома вирусына қарсы вакцина салу мәселесін талқылады. Сондай-ақ бұл вирустың жатыр мойны обырын тудыратыны туралы халық арасында ақпараттың аздығы мен түсіндіру жұмыстарының жоқтығына тоқталды.



**А** Тілекгүл  
ЕСДӘУЛЕТ

# АДАМ ПАПИЛЛОМА ҚАТЕРЛІ ІСІК



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, адам папиллома вирусы – кең таралған инфекция. Адамда папиллома вирусының 100-ден астам түрі кездессе, олардың 14-і онкогенді, яғни онкологиялық аурулардың дамуына әкеледі. Дәрігерлердің айтуынша, ғылыми зерттеулер жатыр мойны обырының негізгі қоздырғышы осы вирус екенін дәлелдеген. Статистикаға сүйенсек, жыл сайын әлемде 300 мыңға жуық әйел осы аурудан көз жұмады және инфекциядан қорғанудың жалғыз тиімді әдісі – вакцинация. АҚШ пен Аустралия сияқты елдер жасөспірім қыздарға иммундау бағдарламаларын 15 жылдан астам уақыт бұрын енгізді. Вакцинацияның экономикалық тиімділігі көптеген зерттеуде дәлелденген. Вакцина – АПВ салдарынан болатын ауруларды және өлімді 70%-дан 97%-ға дейін төмендетеді. Қазір әлемнің 135 елінде, соның ішінде Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстанда АПВ-ға қарсы вакцина қолданылады. Ал халықаралық ғылыми зерттеулер жатыр мойны обыры қатерлі ісік дерті түрлерінің ішінде екпе арқылы толықтай алдын алуға болатын жалғыз дерт екенін дәлелдеген.

Жалпы, елімізде алғаш 2013 жылы 12-14 жас аралығындағы қыздарға АПВ-ға қарсы екпе салу пилоттық жоба ретінде қолға алынып, кейін 2015 жылы тоқтатылған-ды. Биыл Үкімет Денсаулық сақтау министрлігі Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп, тек ата-анасының келісімімен 175 мың қызға екі дозамен екпе салуды жоспарлап отыр. Вакцина сатып алуға 9,7 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, оған 351 мыңнан астам доза мөлшерінде вакцина сатып алынған.

Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараты бойынша, елімізде жыл сайын жатыр мойны обырына 2 000-ға жуық әйел шалдығады және 600-ден астам әйел бір

– Адам папиллома вирусына қатысты Оңтүстік өңірде, оның ішінде Жетісай, Түлкібас, Сайрам аудандарында болдым. Тұрғындарды АПВ вирусына қарсы вакцина әрі оның қалай өтіп жатқаны қызықтырады. Вакцина деген сөздің өзін қазір көп адам басқаша қабылдайды. Оларды «Бұл қандай вакцина? Құрамы қандай? Соңы қандай болады екен?» деген сұрақтар мазалайды, – деді Астана қаласы мәслихатының депутаты, журналист Ләйлә Сұлтанқызы.

Сондықтан халық арасында АПВ инфекциясы жөнінде және оның алдын алу үшін екпе салудың маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек дейді мамандар. Бұған дейін Денсаулық министрі Ақмарал Әлназарова оқушыларды жаппай вакцинациялау үшін АҚШ-тың көпвалентті вакцинасы таңдалып отырғанын хабарлаған болатын.

30 жылдық тәжірибесі бар онкогинеколог Бақытжан Әлібекованың айтуынша, бұл вакцина инфекцияның алдын алуға көмектеседі және аурудың даму қаупін айтарлықтай төмендетеді.

– Колданылатын вакцина – АҚШ-та жасалған «Гардасил». Вакцина қауіпсіз және вирустың ДНҚ-сы жоқ. Аллергиялық реакциялардың ықтималдығы минималды – 100 000 адамға 1 жағдай ғана, – деді Бақытжан Әлібекова.

Ал Ecomed Medical Group ЖШС директоры Жанерке Әжетованың айтуынша, 2023 жылы елімізде 6 түрлі вакцина тіркелген.

– Соның ішінде екі валенттік вакцинаның үш түрі, төрт валенттік вакцинаның екі түрі, соңғы жылдары пайда болған тоғыз валенттік Гардасил вакцинасы бар. Бұл – АҚШ-тың өнімі, сапасы жоғары. Халық арасында вакцина ауру тудырмай ма деген алаңдаушылық бар. Қарапайым тілмен түсіндірсем, бұл вакцина емес, ақуыз,

яғни ақ дене. Осы антиген денеге енгізілгеннен кейін адамда вирусқа қарсы иммунитет пайда болады. Нәтижесінде, қыздардың аталған вирусты жұқтыруы, ауырып қалуы төмендейді. Вирус осылайша, өзімен-өзі жазылып кетеді. Сондықтан да міндетті түрде бұл вакцинаны салу керек. Өйткені вакцина дегеніміз вирус емес, – дейді Жанерке Әжетова.

АПВ вакцинасы туралы әртүрлі аңыздарды жиі еститініміз жасырын емес. Мәселен, ел ішінде вакцина бедеулікке әкеледі немесе аутизм ауруымен туатын балалар санын арттырады деген қауесет бар. Алайда Жанерке Әжетова вакцина туралы түрлі аңыздың негізсіз екенін түсіндіріп берді.

– АПВ – әлемде кең таралған вирус болғандықтан, вакцина алу ең тиімді шешім. Оның әлем бойынша 200-ден астам генотипі бар десек, соның 40 типі жыныстық қатынас жолымен жұғады. Ал қалған 160-тай типі тұрмыстық жағдайда, қолдан қолға жұғу арқылы таралады. Бұл вирустар ылғалды жерде жақсы дамиды. Яғни, монша, сауна, бассейнге шомылатын кішкентай қыздарымыз өздері білмей жұқтырып алуы мүмкін. Бұдан ешкім сақтандырылмаған. Қыздарымыз жастайынан вирус жұқтырып, кейін қатерлі ауруларға тап болса, өкінішті болмақ. Ел ішінде тараған

**Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараты бойынша, елімізде жыл сайын жатыр мойны обырына 2 000-ға жуық әйел шалдығады және 600-ден астам әйел бір жылда осы аурудан көз жұмады.**



## ВИРУСЫ – «ОШАҒЫ»

аңыздардың тағы бірі – вакцина бедеулікке алып келуі мүмкін деген қарабайыр түсінік. Біздің Ecomed Medical Group клиникасы жылына қаншама келіншекке эко жасайды. Соның ішінде бірде-бір әйел осы вакцинаны салып, соның салдарынан бедеулікке ұшырады деген тұжырым жоқ. Керісінше, вакцина алмаған әйелдеріміз осы ауруға шалдығып, соны жатыр мойнының қатерлі ісігіне алып келіп жатқан жағдайлар жиі кездеседі. Мұның соңы әйелдің жатырын немесе жатыр мойнын алып тастауға әкеледі. Мұндай жағдайда әйел жүкті бола алмайды, сондықтан қыздарымыздың болашағын қазірден ойлап, дер кезінде вакцина алуы керек, – деді маман.



Онкогинекологтардың айтуынша, жасөспірім қыздарды жыныстық белсенділіктің басталуына дейін жаппай вакцинациялаудың артықшылығы вирустың алдын алу және қатерлі ісіктің ең қауіпті түрлерінен қорғауға бағытталған. Екпе 2 кезеңге бөлініп салынады. Жүргізілген зерттеулер бойынша, вакцина 10 жылдың ішінде әсерін жоғалтпайды және жыл сайын егу қажеттілігі жоқ. Сондықтан ата-аналар қыздарының денсаулығы үшін алдымен АПВ туралы және оған қарсы екпе туралы берілген ақпаратпен толықтай танысу керек. Екіншіден, мектептегі арнайы дайындық пен оқыту курстарынан өткен медицина қызметкерінен барлық сұрақтарына жауап алуына болады. Үшіншіден, интернетте АПВ жөнінде мәліметтер мен бүкіләлемде жүргізілген зерттеулер жеткілікті болғандықтан, оларды оқып танысуға мүмкіндік көп.

– Егер қоғам иммунопрофилактиканың маңыздылығын түсінетін болса, ортақ күш-жігермен біз әйелдердің өмірін сақтап қала аламыз, – деді Л. Сұлтанқызы.

### ЖҮЗДЕСУ

## «ЖАСЫЛ ТЕХНОЛОГИЯ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСАРТАДЫ

Астанада «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КеАҚ-ның баспасөз-кездесуі өтті. Іс-шараға Экологиялық реттеу комитеті мемлекеттік метрологиялық-талдамалық бақылау басқармасының бас сарапшысы Дана Жәнібекқызы, техника ғылымдарының кандидаты Қайрат Масенов, ұлттық GCIP бағдарламасының техникалық кеңесшісі Камила Әміржан және жобаларды басқару департаментінің директоры Сансызбай Оқашев қатысты. Олар қоршаған ортаны қорғау және табиғатқа келетін залалдың алдын алу шаралар туралы баяндама оқыды.

Экологиялық реттеу комитеті Мемлекеттік метрологиялық-талдамалық бақылау басқармасының бас сарапшысы Дана Ағыбаева экологиялық жағдайды жақсарту үшін озық технологиялар мен эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізу мәселесіне тоқталды. Ол еліміздегі өнеркәсіп салаларының ең үздік қолжетімді технологияларына көшіру арқылы қоршаған ортаға теріс антропогендік әсердің алдын алуға болатынын тілге тиек етті.

Техника ғылымдарының кандидаты, профессор Қайрат Масенов Қазақстанның ЕҚТ-ға көшу принциптерінің қысқаша тарихына шолу жасап, қоршаған ортаны қорғаудың жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін ең тиімді технологияларды атап өтті. «Ең үздік қолжетімді техника (ЕҚТ) – Батыстан келген термин. Бұл – табиғатты қорғаудағы технологиялардың жиынтығы. Қазіргі ғасырда эмиссиялар бір технологиямен 50 пайыз қысқартатын болса, ЕҚТ-мен 10-15 пайызға қысқарады. Қолжетімді деп отырғанымыз, кез келген өндіріс орындарында қолжетімді, экономикалық, технологиялық жағынан тиімді, шығындар мен пайданы ескере отырып, пайдаланушы үшін



жеткілікті түрде жасалатын техникалар. 2023 жылы Еуропа Одағында 35 ЕҚТ бойынша анықтамалық әзірленді. Осылардың негізінде интеграцияланған тәжірибе бойынша тек біздің елде емес, басқа да елдерде экологиялық заңнамалар жасалды. Осылайша, 2007 жылдан бастап Қазақстанда экономикалық заңнаманы реформалау жүйесі басталды. Оның басты қағида-даттары – жасыл экономикалық дамуға көшу және экономикалық құралдардың тиімді жүйесін құру. 2009-2014 жылдары Еуропа Одағы анықтамалық кітап бекіткеннен кейін қоршаған ортаға түсетін кү-

кірт диоксидін 94 пайызға, азотты 69 пайызға және қатты бөлшектерді, (шаң-тозаң) 94 пайызға төмендеген. Бұл – жақсы көрсеткіш. Отандық сарапшылардың пайымдауы бойынша, 2035 жылы еліміз қоршаған ортаның осындай көрсеткішіне жетеді деген болжам айтады.

Қ.Масеновтің айтуынша, қазір «жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы Рио+20 саммитінің қорытынды құжатына енгізілген. Сондай-ақ аталған көпір БҰҰ-ның даму бағдарламасы мен Германия, Корея, Бразилия үкіметтерінің қолдауын жүзеге асырып отыр.

Ал ұлттық GCIP бағдарламасының техникалық кеңесшісі Камила Әміржан Жасыл климат қоры туралы сөз қозғап, декарбонизация жобаларын қаржыландыру тетіктері мен құралдарын атап өтті.

«Ең алдымен, қорда аккредиттеуден өтуге қойылатын талаптарды атап өтейін. Өтініш беруші ұйым заңды тұлға болуы керек және климаттың өзгеруінің салдарын жеңілдету бойынша жобаларды жүзеге асыруда кемінде 3 жыл тәжірибесі болуы керек. Қазақстан Республикасының Жасыл климат қорының 2024-2027 жылдарға арналған бағдарламасы 60 компанияның пікірін ескере отырып жасалғанын атап өткен жөн. Сонымен қатар кемінде 5 басым жобаны қаржыландыру міндетін алға қояды, – деді ол.



# ТІРШІЛІК

21 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ



## ЖОЛДЫҢ КҮЙІ ЖҰТАҢ

Республикалық маңызы бар «Қызылорда – Жезқазған» тасжолының жұтаң тартқан күйі көп жылдан бері жұртшылықты алаңдатып келеді. Әсіресе, тарпаң жолмен жүйткіген темір тұлпар тізгіндеушілердің халі мүшкіл. Соған орай күре жолға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында жол салу жобасы қолға алынғанына бірнеше жылдың жүзі болды. Алайда халық тарапынан әлі күнге дейін жолдың сапасына қатысты сын-ескертпелер арагідік болса да айтылып қалып жүр.

**А** Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы

Мемлекет басшысының тікелей бақылауымен тасжолға қатысты түйткілдің түйіні 2022 жылдың басында ғана тарқатылғандай болды. Соның ішінде Сыр өңірі аумағына қарасты бөлігіне жөндеу жұмыстары қолға алынғаны белгілі. Бұл бірінші кезекте жол азабын тартып жүрген жолаушыларды қуантты.

Жалпы, аталмыш жолдың Қызылорда облысына қарасты бөлігі ауқымды. Атап айтқанда, Сыр өңіріне тиесілі жергілікті маңызы бар 3418,5 шақырым жол болса, оның ішіндегі 1014,5 шақырымы республикалық маңызға ие.

Негізінен, Қызылорда облысы мен Жезқазған өңірінің арасы 430 шақырымға тең. Осы жол аралығының көп бөлігі күрделі жөндеуді қажет етеді. Екі аралықта халық қоныстанған елді мекен жоқ, қонақүй де салынбаған. Ұялы байланыс қызметі орнатылмаған. Көлігі бұзылып, далада қалған жолаушылардың күйі не болатынын осыдан-ақ бағамдай беруге болады. Халықтың жол сапасын сынға алып, дабыл қағуының басты себебі осы болатын.

Қазір мамандар күре жолдың Сыр өңірі аумағындағы бөлігінде құрылыс жұмыстары талапқа сай жүргізіліп жатқанын алға тартады. Үш жылға жоспарланған бірегей жоба межелі уақытында сапалы жүр-

гізіліп, күйі қашқан күре жол адам танымастай кейіпке енетініне сендіріп отыр.

«Қызылорда – Жезқазған» жолына байланысты айтар болсам, жұмыстар 2022 жылы басталып, кестеге сәйкес жүргізілуде. Жол негізінен үш қабаттан тұрады. Нақты уақытта жолдың жоғары қабатының 145 шақырымына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ал төменгі қабатының 130 шақырымы салынды. Соңғы кезең бойынша бүгінгі күнге дейін 40 шақырым жол аяқталып тұр. Жұмыс-

филиалы директорының орынбасары Ерсайын Мұзафар.

Жобаның жалпы құны 72,6 млрд теңгені құрайды екен. Құрылыс жұмыстарына 5 мердігер компания тартылған. Оның 4-еуі қытайлық болса, 1-еуі отандық компания.

Ал халықтың талабына сәйкес, жол құрылысы сапасын тілге тиек еткенде тапсырыс беруші мекеме тарапынан даурығатындай мәселе туындамағанын жеткізді.

«Негізінен, құрылыс басында мердігер мекеменің жол сапасын бақылайтын арнайы зертханасы жұмыс істейді. Бұл тұрғыда «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің зертханасы тұрақты түрде тексеріп, бақылау жүргізеді. Халықтың талап қоюы заңдылық. Дей тұрғанмен, жол құрылысы әлі жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары толықтай аяқталып, пайдалануға берілген жоқ. Сондықтан құрылыс сапасына баға беруге әлі ерте деп ойлаймын»,

**Қызылорда облысы мен Жезқазған өңірінің арасы 430 шақырымға тең. Осы жол аралығының көп бөлігі күрделі жөндеуді қажет етеді. Екі аралықта халық қоныстанған елді мекен жоқ, қонақүй де салынбаған. Ұялы байланыс қызметі орнатылмаған.**

шы күші мен техника жеткілікті. Жоба 2026 жылы толық аяқталады. Қажетті құрылыс заттары өзіміздің облысқа қарасты Жаңақорған ауданындағы «Шалқия» кен орнынан жеткізіледі. Сондай-ақ абаттандыру жұмыстарын жасаймыз. Оның ішінде жол белгілерін қою, қоршаулар орнату жұмыстары жобаға енгізілген», – деп түсіндірді бұл жайында «Қазавтожол» Қызылорда облыстық

– деп түсіндірді Ерсайын Болатұлы.

Мәліметке сәйкес, әу бастан жоба шеңберінде Қызылорда облысы аумағынан жанадан айналма жол салу, 204 шақырымдық жолды қайта жаңғырту жұмыстары жоспарланған. Сол сияқты 2 дана жол айрығы, үй жануарларына арналған жол өткелдер, су арналарынан өтетін 3 көпір, 2 көпфункционалды аралық бақылау өлшейтін аркаларын орнату, 5 заманауи жылы дөретхана, 6 демалыс алаңы, 56 су өткізгіш құбыр, 10 мал өткелдері және 117 жол қиылысу мен түйісулерін салу көзделген.

Қазір халықтың көпжылғы арманына айналған Сыр өңірі мен Ұлытау арасын жалғайтын күре жолдың құрылысы кестеге сәйкес әлі жалғасып жатыр. Мамандар тиісті жұмыстар өз деңгейінде атқарылатынына сенім білдірді. Ең бастысы, жол сапалы салынып, халық үдесінен шығады деп үміттенеміз.



## QR-ӘДЕБИЕТТЕР ОРНАТЫЛАДЫ

Кеше елордада «KitapTime – 2024» III жалпы республикалық кітап фестивалі өтті. Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын шара Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен, Ұлттық академиялық кітапхананың ұйымдастыруымен жүзеге асты. Мұндай фестивальдер оқырман қатарын көбейтіп, кітап оқу мәртебесін көтереді. Биылғы өткен кітап фестивалі Ұлттық академиялық кітапхананың 20 жылдығына арналды.



**А** Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда кітап оқу мен кітап шығарудың ел болашағы үшін маңызына тоқталып, «Шын мәнінде кітап оқитын ел зиялы ұлтқа айналады» деп атап өткен болатын. Кешегі өткен ауқымды шараның осындай зиялы ұлт болып қалыптасуымызда ықпалы зор. Сонымен қатар фестиваль жас ұрпақтың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, қоғамда ақпараттық мәдениетті қалыптастырады. Айта кету керек, «KitapTime – 2024» жазушылар мен оқырман үшін қарым-қатынас алаңын құру мақсатында ұйымдастырылды. Ұлттық академиялық кітапхана басшысы Ғазиза Құдайбергекқызы фестивалдың өткен жылдардағыдан айырмашылығы ретінде екі жобаны атап өтті.

«KitapTime – 2024» фестивалінің басты ерекшелігі мыналар: биыл Air Astana әуекомпаниясымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Нәтижесінде, әуекомпания ұшағында ұшу кезінде жолаушыларға тыңдау үшін қызықты ұлттық аудиоконтент ұсынылады. Әуекомпанияның медиақұрылғыларына 25 контент бердік. Оның бәрі авторлық құқыққа ие. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Батырлар жыры» шығып еді ғой. Бұл халықаралық ұйым болғандықтан, әр жырдың орындаушысын атап көрсеттік. Одан бөлек, «Абай жолын» да енгіздік. Мүмкіндігінше бұл шығармалардың сипаттамасын екі тілге, ағылшын және орыс тілдеріне аударма жасадық. Кітапхана-мызға арнайы келген Air Astana

әуекомпаниясының вице-президенті осындай әдеби-мәдени ұсыныстың бірінші рет түскенін айтқан.

Ал екінші ерекшелігі – QR-әдебиеттердің орнатылуы. Бұл бастаманы республика көлемінде жүзеге асыруды ұсынып отырмыз. Электронды кітапханада бар кез келген авторлық кітапты қабырғаларға жабыстырып орналастыра берсек болады. Оны 9 бағыт бойынша ұйымдастырдық: балалар әдебиеті, ауыз әдебиеті, көркем әдебиет, Қазақстан тарихы, нон фикшн және тағы басқалары. Мұндай QR-әдебиеттерді кез келген мекемеге, аурухана болсын, әуежай не вокзалдарға орнатуға болады, – деді Ғ. Құдайбергекқызы.

«KitapTime – 2024» III республикалық кітап фестивалі аясында «Арман-ПВ», «Қасым», «Мұқаба», «Мазмұндама», Qazbilim, «Отбасы хрестоматиясы», Qyr balasy, Steppe&World баспапары, Kitapal, «Абай», «Эльдорадо», «Кітап хадия» кітап дүкендерінің қатысуымен кітап жәрмеңкесі, сондай-ақ елшіліктердің ұйымдастыруымен кітап көрмесі өтті. Одан бөлек, «Ауыл кітапханаларына 100 кітап» әлеуметтік акциясына қолдау көрсетті.

Айта кетейік, бұл күні республиканың барлық аймағында кітапханадағы кітап пен кітапқұмарларды біріктіретін кітап мерекесі өтті. Мәдени шараны мемлекет және қоғам қайраткерлері, елшілік өкілдері, ақын-жазушылар, суретшілер, иллюстраторлар, блогерлер, БАҚ өкілдері, оқырмандар, елорда тұрғындары мен қонақтары тамашалап, фестиваль қонақтары кітап сыйға тарту рәсіміне қатысты.

## АЙМАҚ

21 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБІ

БҚО-да «Орал – есірткісіз қала» атты жаңа жоба таныстырылды. Бұл жоба екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңі – есірткімен күрестің қысқа мерзімі. Бұған есірткіні тәркілеу, қылмыскерді анықтау, ұстау секілді ішкі істер органдарының негізгі қызметі қарайды. Ал есірткімен күрестің екінші кезеңіне жас ұрпақты тәрбиелеу, мектептердің жұмысын жандандыру, жастарға есірткінің зиян екенін арнайы мамандардың көмегімен ұғындыру арқылы ұрпақты осы бір жаман әдеттен сақтап қалу процесін ұйымдастыру жатады. Жобаны таныстырған БҚО Полиция департаментінің бастығы Арман Оразалиев есірткі бүгінде жастар арасында белең алып бара жатқанын айтып, бірнеше деректі мысалға келтірді.

**А** Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,  
Батыс Қазақстан облысы

Есірткімен күрес тек полицияның жұмысы емес. Егер бұл күресте тек полиция жұмыс істесе қоғам жеңіледі. Жиынға қатысқандардың негізгі ойы осыған саяды. Себебі «тәрбие басы – тал бесік» деген.

– Бұл – тек полицияның ғана емес, барлық қоғамның бірлесе атқаратын жұмысы. Сол себепті алдын алу жұмыстарын бастаушы сыныптан бастау керек. Бірінші кезекте педагогтермен бірге есірт-

## ЕСІРТКІ ЗЕРТХАНАЛАРЫН ӘШКЕРЕЛЕУ ЖҰМЫСЫ КҮШЕЙДІ



кінің зияны туралы сабақтар жүргізіп, көрнекі ақпараттарды көрсете отырып түсіндірген жөн. Балаға ерте кезінен бастап есірткі қолданған адам денсаулығы нашарлап, кеміс, мүгедек болатынын, ата-ана болу қабілетінен айырылатынын, тіпті 5 жылдың ішінде қиналып өмірден өтетінін түсіндірсе, басқа да зиянды тұстарын санасына құя берсе, бұл баланы ойында қалады. Өкінішке қарай, бізде мектептерде бұл жұмыс қажетті деңгейде ұйымдастырылмайтынын байқап жүрміз. Ол аздай, біздің облыста жасөспірімдер наркологы жетіспейді. Бізде жасөспірімдермен жұмыс істейтін тек үш нарколог ғана бар. Ал облыста 365 мектеп бар. Бұл үш нарколог кімге, қайда үлгереді, – деді жиында сөз алған БҚО ПД бастығы Арман Оразалиев.

«Қазір интернет желілерінде жылдам ақша табуға шақырамын»

деген хабарландырулар қаптап тұр. Тәртіп сақшылары осы хабарландырулар жастарды құртып жатыр дейді. Себебі интернеттегі дәл осындай хабарландырулардың артында есірткі саудасы тұрады екен. Полиция тез әрі оңай ақша табуды көздейтін жастар осы жарнамалардың құрығына ілігіп 7-8 жылға сотталып жатыр деп отыр.

БҚО-да есірткіге тәуелді 722 адам есепте тұр екен. Департамент бастығы Арман Оразалиевтің айтуынша, есірткіге тәуелділердің қатарында жастар көп: басым көпшілігі – 30-дың маңайындағы адамдар. Ал есірткіге тәуелді ең жас адамның жасы 14-те. Есірткі саудасы Ақсай қаласы мен Орал қаласында көп тіркеледі екен.

Есірткімен күрес дегенде көпшіліктің көкейіне келетін сұрақ – полиция қайда қарайды, неге оларды тұтқындамайды. Бұл ретте тәртіп сақшылары жұмыс істеп

жатқандарын айтады. Мәселен, былтыр Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының, Алматы мен Шымкент қалаларының 8 тұрғынынан құралған қылмыстық топ ұсталған. Олардан 1,5 тоннадан астам «көкнәр сабағы» тәркіленген.

– Бұл дегеніміз – 150 млн доза есірткі. Ал оның құны 14 млрд астам теңгені құрайды. Қылмыстық іс сотқа жолданды, – деді ПД бастығы Арман Молдиярұлы.

Ал биыл 162 құқықбұзушылық анықталған, оның 54-і – есірткі қылмысы, соның ішінде 26 факті есірткі сату бойынша қылмыстық істер екен. Полиция үшін есірткімен күресте басты қиындық есірткі дайындайтын лабораторияларды анықтау көрінеді. Олар көбіне жасырын лабораториялар ашады. Полиция департаменті бастығының сөзінше, биылдың өзінде тәртіп сақшылары 32 келі есірткі тәркілеген. Орал қаласының 5 адамынан тұратын бір қылмыстық топты ұстаған. Олардың екеуі есірткі сататын 2 интернет дүкен ашқан.

– 2020 жылы Қазақстанда бірінші рет синтетикалық есірткі зертханасы анықталды. Өкінішке қарай, ол біздің Теректі ауданынан табылды. Мұнда Украина азаматтары есірткі жасаумен айналысқан, олар 17, 18 жылға бас бостандығынан айыру жазасына сотталды. Көршілерінің айтуынша, сол үйдің қасынан өткір иіс шығып тұрған. Егер көршілері полицияға иісті сезген уақытта хабарласқанда, олар

ертерек ұсталатын еді, – дейді облыстың бас полицейі Арман Молдиярұлы.

Арман Оразалиевтің сөзінше, есірткі дайындайтын зертханаларды анықтаудың екі жолы бар. Біріншіден, сол маннан өте қатты өткір иіс шығады. Мұны байқаған адамдар дереу тиісті мекемелерге хабарласуы керек. Екіншіден, есірткі дайындайтын нысандар электр жарығы мен газдың ақшасын көп төлейді. Полиция алдағы уақытта есірткі дайындалуы мүмкін деген зертханаларды осы түбіртектер арқылы да іздеуді жоспарлап отырғандарын айтады. Ол үшін іске коммуналдық мекемелер мен саяжай бірлестіктерінің төрағалары жұмылдырылатын болады.

– Биылғы 6 ай уақыт ішінде 14 есірткіні жасырушы ұсталды, оның біреуі – 10-сынып оқушысы, үшеуі – колледждің 1-2-курс студенттері. Олардан «Мефедрон» синтетикалық есірткі заты бар 40 ZIP-пакет тәркіленді. 1 жасөспірім 7,5 жылға бас бостандығынан айыру жазасына сотталды, колонияға қамалды. Былтыр 3 көмелетке толмаған 11-сынып оқушысы және колледждің 2 студенті 7,5 жылға бас бостандығынан айырылды. Бұл балалар тұрмысы жақсы отбасында тәрбиеленген, тіпті 10-сынып оқушысы есірткіге қарсы акцияларға белсене қатысып жүрген, тек оның адасқаны – өздігінен ақша табамын деп ойлаған. Бұл жерде ата-ананың және мектеп мұғалімдерінің кінәсі бар, – деді БҚО-ның бас полицейі Арман Оразалиев.

Жиынға қатысқан қоғам белсенділері, ұстаздар мен нарколог, психолог мамандар есірткіге қарсы бірлесе күресу қажет деген ойларын ортаға салып тарқасты.

## АПАТТАН САБАҚ АЛСАҚ ИГІ

Атырауда тасқыннан кейін қала маңында қалған төгінділердің картасы дайындалып жатыр.

**А** Баян ЖАНҰЗАҚОВА,  
Атырау облысы

Тасқын кезінде қала маңындағы жүздеген гектар далалықты су басып, балықтар қайрандап қалды. Жаз бойына шабақтарды құтқару жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан, шалшықта қалған шабақ әлі де көп.

Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиевтің айтуынша, су басқан жерді нақты анықтау қиын, өйткені су өте көп.

«Дала әлі де болса кеуіп үлгермегендіктен, топырақтың ылғалдығынан техника мен көлік қозғалысына мүмкіндік бермейді. Визуалды тексеруге дрондар пайдаланылады. Сондай-ақ шабақ құтқару жұмыстарына жауапты балық инспекциясы мен жергілікті атқарушы органдарға табиғат пайдаланушылар – өндірістік кооперативтер, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және шаруа қожалықтары да көмек көрсетіп отыр. Сол себепті құзырлы органдарға даладағы және әлі су астында тұрған тасжол бойындағы аймақтардың электронды картасын дайындауды тапсырып отырмыз. Әрі қарай атқарылатын міндеттер нақтыланып, жоспар жасалып, тиісті жұмыстар ұйымдастырылады», – дейді спикер.

Атырау облысы әкімдігінің баспасөз-қызметінен анықтағаны-

мыздай, тасқын судың алдын алу үшін қазір су арналарын тазалау және кеңейту жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар су тасқынына қарсы жұмыстар суару-суландыру жүйелерінде жүргізілуде.

«Атырау облысында 15 каналдың 14-і Жайық өзенінің бойында орналасқан. Жалпы, төрт канал, атап айтқанда, Соколок, Нарын, Черная речка және Баксай арқылы, тасқын суларды өткізу мүмкіндігі бар. Осыған байланысты, Атырауда тасқын кезінде каналдарды тазалау, кеңейту жұмыстары жасалған болатын. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады», – делінген баспасөз-қызметінің мәліметінде.

Жалпы, Атырауды тасқыннан қалай қорғау керек? Тасқынның алдын алудың немесе шығынды максималды түрде азайтудың мүмкіндіктері бар ма? Біз бұл сұрақты ғалым Әмірхан Кеншімовке қойған едік. Ғалымның пікірінше, топан су – бұл табиғи құбылыс. Сондықтан одан толықтай қашып құтылу мүмкін емес.

«Алайда бүгінде Атырауда теңіздің, Жайық өзенінің түбін терендету, канал қазу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Батыс Қазақстан облысының аумағында Орал-Көшім суару-суландыру жүйесі Батыс Қазақстан облысының ең ірі ирригациялық жүйесі болып табылады. Онда 4 су қоймасы бар. Атырау облысының аумағында да каналдар бар. Бізге каналдарды пайдалану, суды далалыққа бағыттау ғана емес, сонымен бірге келген үлкен суды жинап, сақтау мүмкіндіктерін қарастыру да артық ет-



пейді. Себебі ауыл шаруашылығын дамыту үшін бізге су керек. Сондықтан Атырауға су қоймалары ауадай қажет», – дейді ғалым.

Еске сала кетсек, көктемгі тасқын кезінде Атырау облысының әкімдігі осыдан 30 жыл бұрын жасалған тасқын картасы негізінде жұмыс істеген еді.

1993-1994 жылдары Жайық өзеніндегі су көлемі шекті деңгейге дейін көтеріліп, жақын маңдағы елді мекендерді, ауыл шаруашылығы объектілері мен алқаптарды су басқан еді. Осы жағдай биылда қайталануы мүмкін болды. Арнайы карта, тиісті деңгейде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде Атыраудың 80 пайызын су басуы мүмкін деген қауіп расталмады.

Дегенмен Жайық өзені ағынының 80%-ы Ресей аумағында, нақтырақ айтқанда Иректі су қоймасынан қалыптасатынын ескерген дұрыс. Сол себепті де, тасқын кезіндегі карта Атырауда табиғи апатқа қарсы күрестегі басты құрал-

дардың біріне айналады. Картада Жайық өзені тасыған нақты орындар көрсетілген. Осы сызбаға сәйкес, 30 жыл бұрын Сарайшық, Чкалов, Алға, Редут ауылдарын және ішінара Бесікті, Память Ильича және басқа да ауылдарды су басты. Қалада бөгеттерді нығайту және каналдарды тазарту есебінен өзен суы тасыған жоқ. Бұл орындар да картада көрсетілген.

Шыны керек, Атырауда тасқын салдарымен күрес әлі күнге дейін жалғасып жатыр. Құлсарыны қалыптастыру, жаңа ықшамаудан тұрғызу, зардап шеккен кәсіпкерлік нысандарға өтемақы төлеуден бөлек, Атырауда әлі күнге дейін қайрандап қалған балықтарды құтқару жұмыстары жалғасуда. Жақында ғана Жылыой ауданында «Теңіз-Новоросийск» мұнай құбырының 64-ші және 72-ші шақырымында мөңке балықтарының шабақтарының қырылу дерегі тіркелді.

Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының хабарлауынша, комиссия шабақтардың қырылған жеріне барды, ақпарат расталды. Жиналған шабақтардың салмағы – 127 келі.

Экология департаменті мамандары зертханалық зерттеулер үшін су сынамаларын алды. Мамандар көктемгі су тасқыны салдарынан Жем өзені арнасынан асып, шабақтар өзен суымен таяз ойықтарға жиналғанын растады. Балық шабақтары қырылуының болжамды себебі – суда оттегінің жетіспеушілігі болуы мүмкін. Көктем мезгілінде тұрғындары эвакуацияланған Махамбет ауданына қарасты Талдықол елді мекені де қазір қырылған, қайрандап қалған балықтарды жинаумен айналысып жатыр.

Қорыға келе айтарымыз мынау: тасқын кез келген уақытта қайталануы мүмкін. Біз қашан да табиғи апатқа төтеп бере алатындай деңгейде болуымыз керек. Шыны керек, Атырауда ғана емес, жалпы елімізде гидрогеолог мамандар жетіспейді. Мамандардың жетіспеушілігін Атырау тасқын кезінде қатты сезінді. Сондықтан жағалауды нығайту жұмыстарының сапасын бақылауға бөгеттердің негіздері, топырақтың тығыздығы және қадағалау жұмыстарына жекелеген компаниялардың мамандары тартылды.

Сондықтан Атырауда, жалпы елімізде гидрогеолог мамандарды даярлау, қосымша су қоймаларын салу, каналдарды тазарту, кеңейту, өзендерде түп терендету жұмыстарының күнделікті атқарылуы – кезек күттірмейтін мәселе болуға тиіс.

## AIQYN-LIVE

21 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕНБЕ

**Таяуда басталған футболдан әлем чемпионатында біздің жігіттер топ жаруда. Оныншы мәрте ұйымдастырылған тартысты сайысты өткізуге Өзбекстан ниет білдіріп, тізгінді өз қолдарына алды. Айта кетсек, бұл турнир осы жылдың 14 қыркүйегінде басталып 6 қазанына дейін жалғасады. Өзбекстанның Ташкент, Әндіжан және Бұхара қалалары үздік 24 құраманы қабылдайды.**

## А Эсет ҚАЛИ

Қазақстан құрамасы өзінің топтық кезеңінде Испания, Ливия және Жаңа Зеландия құрамаларымен бақ сынаспақ. Алғашқы ойында әлемдік грандтардың бірі Испаниямен терезесі тең түссе, келесі ойынында Ливия құрамасын 4:1 есебімен шаң қаптырды. Енді шешуші соңғы ойында Жаңа Зеландия құрамасымен күш сынасады. Ойын 21 қыркүйекке жоспарланып отыр.

## КАКАНЫҢ ШӘКІРТТЕРІ ЖАРАП ТҰР

Турнирдің басты фавориті, екі мәрте әлем чемпионы атанған Испания мен Қазақстан D тобына тұрақтаған еді. Осыған дейін екі құрама түрлі жарыстарда өзара үш

әдепкіде нәтижеге көңілі толмағанын жасырмады.

«Нәтижеге риза емеспін, себебі біз мұнда жеңіске жету үшін келген едік. Бірақ бәрібір футболшыларымнан күтер үмітім көп. Өзбекстан халқына да ерекше рақмет айтқым келеді. Өзімізді өз үйімізде жүргендей сезіндік», — дейді ол.

Қазақстан Футбол федерациясы бас бапкермен келісімшартты ұзартуды көздеп отыр.

«Қазақстан құрамасының Литвада өткен соңғы әлем чемпионатындағы табысы елімізде футболдың дамуына үлкен серпін берді. Соңғы бірнеше жылда футболымыз жана деңгейге көтерілді және бұл — әрине, Каканың қосқан үлкен үлесі. Дегенмен мұнымен тоқтап қалғымыз келмейді. Біздің команда топта бірінші орын



# ТАҒЫ БІР

# ЖЕҢІС КЕРЕК...



рет кездесіп, барлығы Испанияның пайдасына шешілген. Ал соңғы текетіресте адуынды жігіттердің мысын бастық. Матчтың 5-секундында Дугластың әуелете берген пасын Біржан Оразов қақпаның оң жақ бағанына дәл тигізіп, құраманы алға шығарды. Алайда біз күтпеген қателіктер де болды. Матчтың 9-минутында Дәурен Тұрсағұлов қарсыластың аяғын оқыс басып, қызыл қағаз алды. Енді келесі матчта Тұрсағұлов ойынды сырттан бақылайды. Ары қарай қызыл сойқандар біздің осал тұсымызды анди отырып, 17-минутта есепті теңестірді. 2 сағатқа созылған ойын тең нәтижемен бітті.

Матч туралы ұлттық құраманың бас бапкері Рикардо Кака

алып, негізгі айналымда сәтті өнер көрсетті», — дейді федерация президенті Әділет Барманқұлов.

Еске сала кетсек, Рикардо Кака Ұлттық құраманы 2018 жылдан бастап жаттықтырып келеді. Оның жетекшілігімен біздің құрама 2021 жылғы әлем чемпионатында төртінші орын алып, бұл оның футбол тарихындағы ең үздік жетістіктердің бірі болған еді.

## ЖАНКҮЙЕР АЛТЫНШЫ ОЙЫНШЫҒА АЙНАЛДЫ

Қазақстан–Испания матчының үздік ойыншысы атағы Лео Игитаға табысталды. Ол осы ойында көзге түсіп, біраз қауіпті соққылардың бетін қайтарды. Бразилияның тумасы 2011 жылы «Қайрат» сапына ауысып, сол кезден бастап халықтың назарын-

да жүрген еді. Futsalplanet Awards ұйымының шешімімен 2015, 2016, 2018, 2019 және 2020 жылдары әлемнің үздік қақпашысы атағын жеңіп алды. Лео Игита қақпашы ретінде ғана емес, әр түрлі амплудта да өнер көрсетеді. Пасының дәлдігі мен соққысының айқын күші қарсыластарын есенгіретіп жібереді. Стилінің алуандығы арқасында командада тығыз байланыс орнап, жүйелі ойнауға септігін тигізеді.

«Әлем чемпионатының бірінші матчына қатысты айтсам, біз бұл матчтың қиын болатынын білдік. Дайындығымыздың 90 пайызын жүзеге асыра алдық. Біз олардың қауіп-қатер тудыратын сапалы ойыншылары көп екенін білдік... Бірақ тең нәтиже де жаман емес. Енді қалған ойындарымызды



**Бүгін жанкүйерлеріміз алтыншы ойыншымызға айналғандай. Ташкент жақын болғанымен, Әндіжан сәл алыста. Әндіжанға жанкүйерлеріміз осыншама көп келеді деп ойламаппын. Ойынның соңына дейін жанкүйерлердің арқасында қарсыластың шабуылына төтеп бердік деп ойлаймын.**

жеңіспен аяқтауымыз керек. Мүмкіндіктерді айырбастап, осы топтағы кез келген қарсыласта бар күшімізді салып ойнауымыз керек», — деді Игита ағынан ақтарылып.

Сондай-ақ ол сөз арасында жанкүйерлерге ризашылығын да айтып үлгерді.



«Бүгін жанкүйерлеріміз алтыншы ойыншымызға айналғандай. Ташкент жақын болғанымен, Әндіжан сәл алыста. Әндіжанға жанкүйерлеріміз осыншама көп келеді деп ойламаппын. Ойынның соңына дейін жанкүйерлердің арқасында қарсыластың шабуылына төтеп бердік деп ойлаймын. Бүгін олар менімен бірге қақпа күзетті», — дейді ойыншы.

## ТАКТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ӨЗ ЖЕМІСІН БЕРДІ

«Қайрат» клубының және Қазақстан құрамасының басты шабуылшысы Біржан Оразов та әлемдік турнирлерде жақсы ойын көрсетіп жүр. Семейлік жігіт өзінің футбол карьерасын «Ұшқын-Искра» командасында бастап, одан кейін «Жетісуға» көшіп, кейіннен 2017 жылы «Қайрат» сапына ауысқан-ды. Ірі турнирлерде топ жарып, ел қошеметіне бөленді. Өсіп келе жатқан жас буын Біржанды үлгі тұтты. Әлем біріншіліктерінде, әсіресе Еуропа чемпионатында 7 гол салып, үздік

сұрмерген атағын жеңіп алды. Біржан бұл жолғы додаға да үлкен дайындықпен келгенін айтқан болатын.

«Турнирге келерге дейін көп видео қарап, әртүрлі ойын сценарийлерін қарастырдық. Бірақ қызыл қағаз аламыз деп ойламадық. Жылдам гол туралы айтатын болсақ, бұл — тактикалық дайындықтың арқасы. Осы тактиканы Иран және Аргентина құрамаларымен өткен жолдастық ойында қолданып көрген болатынбыз. Бүгін енді голмен аяқталды. Келесі өткен Ливияға қарсы матчта да тактикамыз іске асып, қарсыласты жеңіп кеттік», — деп пікір білдірді Біржан Оразов.

Ендігі байрақты бәсекеде ұлттық құрамамыз үшін жүгі ауыр кезеңдер басталды. Жігіттер барын салса, жүлденің де ауылы алыс емес секілді.



# AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛТЫНСАЙҒЫЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Сағхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4499**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеп көшесі 30,  
тел: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,